Авторлардың пікірлері бойынша, әдіс-тәсілмен сәйкес келуі балуанның спорттық шеберлігінің негізі болып табылады, ал дайындықтың қалған жақтары осы әрекеттің қорытындысына қызмет етеді.

М.Г. Окрошидзе еркін күрес тәсіліне оқыту үрдісін екі бөлімге бөлуді ұсынады. Бірінші бөлім статистикалық жағдайдағы тәсілдер құрылымымен оқыту, екіншісі - динамикалық жағдайдағы тәсілдерді жетілдіру және оқытумен сипатталады.

Бірінші бөлім "идеалды" және "үйлесімді" дағды тармақтарының шегіндегі оқытылатын әрекетті қалыптастыру.

Екінші бөлімде - қарсыластың тәсілдерін орындау қарастырылады. Автор барлық оқыту үрдісі стандартты кесте бойынша өтеді және сондықтан да оқытушы оқытылатын қозғалыс дағдыларын қалыптастыру үрдісін басқарып отыруы қажет. Ол екінші бөлім біріншіге қарағанда нақты басқарылмайды, "тәсілдерді шығармашылықпен жетілдіруде" шұғыл дамушылардың морфологиялық ерекшеліктері маңызды рөл атқарады. Автор белгілі топ тәсілдерін жетілдіруде балуанның психикалық жағдайы анықтайтынын көрсетеді. Факторлардың күрделі қимыл дағдыларын басқару құпиясы дейді.

Дағдыны, қимылды бірнеше рет қайталау нәтижесінде нығайтады. Егер тәсілді бірнеше рет қайталау қарсыласпаған қарсыласқа оңай болса, жекпе-жек жағдайында қиыншылық бірнеше рет өседі. Мұндай жағдай құру қажеттілігі шабуылдаушы әрекетті орындау кезінде дағдыны игере алады, балуан жекпе-жекке оқыған тәсілін жиі пайдалана алады. Спорттық күрес аясындағы мамандар спортшы дағдыны сапалы игергенде ғана жекпе-жекте жақсы көрсеткішке жете алатынын айтады. Осы мақсатта жеңіл балуанды, ауыр биік тұлғалы, дене қасиеті дамуының айырмашылықтары бар балуанмен күрестіреді. Кез-келген қарсыласымен күресе білу үшін, морфологиялық, денелік және басқа да ерекшеліктері бар балуанмен жаттығу қажет және осы ерекшеліктерді үздіксіз зерттеу керек. Егер балуан өзіне сәйкес келмейтін қарсыласпен жаттықса дұрыс болмайды.

Балуандардың әдіс-тәсілдік дайындығы бағасының жүйелендіру әдістемесін палуандардың жаттығуын жеке жоспарлауы бойынша әдістемелік нұсқауында ұсынады. Авторлар жаттығу үрдісін қалыптастыру үшін болып жатқан оқиғалар жөнінде толық және объективті ақпарат береді. Балуанның және оның қарсыласының дайындығын салыстырып, ақпаратты бағалайды. Балуанның дайындығын нақты білу үшін олардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау керек. Бұл үшін балуандардың белгілі жарыстарда жеңіске жету моделін жасау керек.

Бұл модель осы белгілері бойынша балуанның сандық сипаттамасы осы дайындықтағы барлық балуандардың орта статистикалық мәліметі нақты палуандар көрсеткіштерімен салыстырылады.

Осындай дайындықтардың жетістіктері мен кемшіліктері белдесудегі тәсілдерді өткізудің белсенді сандық талпынысы, қорытындылық белдесудегі палуанның алған ұпай саны, тармақтар палуан белдесуде шабуылдаушы қимылды пайдаланған тәсілдердің құрылымдық тобының саны, тиімді тармақтар тәсілдердің тобының саны, соның ішінде балуан белдесуде шабуылдаушы қимылды табысты пайдаланғандары.

Көптеген мамандар техниканы қалыптастыруды оқыту үрдісінің құрамды бөлігі болып табылады деп есептейді. Спортта дағдыны қалыптастыру жаттықтыру үлгісінде өтеді. Жаттығу үрдісін сапалы басқару үшін дағдыны қалыптастыру туралы заңдылық білімі қажет. Барлық мамандар дағдыны қалыптастырудың негізгі жағдайы оқытылған қимылды бірнеше рет қайталау деп есептейді. Жеке авторлар дағдыны қалыптастыру кезінде сананың белсенді қатысуын айтса, екіншілері қайталауға ерекше көңіл бөледі, үшіншілері нығайтуға маңызды рөл береді.

Осылай дағдыны қалыптастыру сананың белсенді қатысуымен, нығайтумен, бірнеше рет қайталау қимылы есебінен өтеді. Мамандар оқыту үрдісіндегі қателіктердің болуын әрқалай ойлайды. Кейбіреулер олардың болуын жағымсыз деп есептейді, басқалары қателіктің болуы қажет дейді. Грек-рим күресіндегі

белдесуде қозғалыс қимылын бірнеше рет қайталауда қарсыластың қарсыластың кедергісі ескерілуі қажет.

Еркін күресінің мамандары көптеген зерттеулерінде спорттың нәтижеге, әдіске, балуандардың жеке ерекшеліктеріне әсер етуін зерттеген. Күшті дамытудың жоғары деңгейі балуанның біліктілігін көтеруі, ал жеке бұлшық ет топтарының күшін дамытудың жоғары деңгейі, белдесуде тәсілдерді сапалы орындауға ықпал етеді. Балуанның әдістік шеберлігінде жылдамдық маңызды рөл атқарады. Балуандарды дайындауда балуандардың жылдамдық-күш дайындығына көп көңіл бөлу керек. Үлкен жылдамдықты балуандар басқа балуандарға қарағанда арттықшылығы бар, сондықтан тәсілдерді орындаған кезде қиыншылықтар туғыза біледі.

Еркін күресінде көп тәсілді орындау ептілікті дамытудың жоғары деңгейін талап етеді. Буындары еркін, ширақ қимылдайтын балуандар үлкен табысқа жетеді. Сонымен бірге бұл буындарға ептілікті дамыту деңгейі жоғары болса, қимылды орындаудағы дағдыларды тез үйренуге ықпал етеді. Балуандарды дайындауда ептілікке көп көңіл бөлу керек. Балуандарды дайындау үрдісінде төзімділікті тәрбиелеу қажет, бұл қасиетті дамыту белдесудегі дағдының тұрақтылығын, сенімділігін сақтауға ықпал етеді. Шабуылдаушы әрекетте балуанның бойы мен салмағындағы ерекшеліктерге көп көңіл бөлінеді.

Салмағы ауыр балуандар, шабуылдаушы балуанға белдесу кезінде орындайтын тәсілдері қосымша қиындықтар келтіреді. Бойлары әртүрлі балуандардың белдесу кезінде әртүрлі тәсілдерді таңдауына тура келеді.

Дағдыны қалыптастыруға әсер етуші факторлар жөніндегі мамандардың пікірін анықтау әдебиеттерді талдаумен жалғасады. Келесі сұрақтар жөніндегі авторлардың пікірін анықтау әдебиеттерді талдаумен жалғасады. Келесі сұрақтар жөніндегі авторлардың пікірі бар ақпаратты таңдау: Оқудың табыстылығын анықтайтын факторлар. Спорттық күресте әдістік әрекетті орындау дағдысын қалыптастыруға ықпал ететін факторлар.

а) оқытуға ұсынылған әдістік әрекетінің көлемі

б) әдістік дайындық барысындағы балуандардың антропометриялық мәліметтері.

Педагогикалық бақылаулар зерттеудің екінші, үшінші немесе төртінші міндеттері бойынша өтті.

Еркін күрес балуандарының тәсілдерді орындау ерекшеліктерін анықтау кезінде дайындық тобындағы балуандардың әдіс-тәсілдік дайындықтарының көрсеткіші салыстырылады, және тәсілдері бойынша балуандардың әдіс-тәсілдік дайындығы жарыс кезіндегі белдесулердегі балуандардың әрекетін бақылау нәтижесін өңдеу жолымен анықталады. Жоғары дәрежелі балуандар жөніндегі мәліметтер біріншіліктердегі белдесуде балуандардың әдістік-тәсілдік әрекетін орындауды бақылау нәтижесін өңдеу жолымен алынған. Балуандардың жасы 15-16 жас, сабақ оқу мерзімі 4-5 жыл.

Дайындық тобындағы балуандар жөніндегі мәліметтер жарыс кезіндегі белдесулерді, жаттығулардағы балуандардың әдістік әрекеттерді орындалуын бақылау нәтижесін өңдеу жолымен алынады. Балуандардың жасы 12-13 жас, сабақ оқу мерзімі 6-8 жыл.

Жаңадан бастаған балуандардың қарсыласпаған серігіне тәсілдерді орындау кезінде әр түрлі құрылым тобынан тәсілдерді орындау сапасының айырмашылығы табылмады. Бұл еркін күресінің айырмашылығы барлық тәсілдерін оқыту кезінде және оларды қарсыласпаған серікке қолдануды жаңадан бастаған балуандарға қол жетерлік екенін көрсетеді: (бойы, күші, салмағы өсетін балуандарда артықшылықтары жоғары болса) қарсыласпаған серігіне тәсілдерді орындау сапасы жоғары болады. (еркін күресі тәсілдерін орындау дағдысын дұрыс игеру үшін, тұрақтылық және нұскалық жетістігінде олар серіктерін өзгертуі керек. Бойы, салмағы, күші, ептілігі бойынша белсенді балуандардың асып түсетін, қиыншылықты құрту қажеттілігі болса серікті таңдайды. Жеңілденген жағдайды құрту қажеттілігі кезінде серіктерді таңдау, бұл көрсеткіштерді дамыту деңгейінде белсенді балуанға жол береді. Бойы, салмағының айырмашылық көрсеткіштері және белдесуде тәсілдерді орындау тиімділігі көрсеткіштері арасында күш, ептілікті дамыту деңгейінде сызықсыз байланыс болады. Бұл байланыс мәліметі балуандар белдесуде кездесетін бойы, салмағы күші, ептіліктің ұнамсыз қатынасы кезінде тәсілдерді орындау тиімділігінің жоғары көрсеткіштері көрсетілуі мүмкін екендігі жөнінде айтылады.

Қорытынды. Дағдыны қалыптастыру белгілі заңдылықтарға бағынады. Дағды әрекетті көп рет қайталау кезінде қалыптасады, қайталау сапасын көтеру үшін белгілі бір бейнеде ұйымдасқан болуы керек, әрекетті орындау сапасының белсенді қатысуы кезінде нығайтумен қалыптасуы қажет. Дағдыны қалыптастыру үрдісінде тағы да шешілетін міндеттер қиыншылығы деңгейін өзгертуге ықпал етеді.

Спорттық күресте тәсілдерді орындау дағдысын қалыптастыруға қарсыластар, серіктердің жеке ерекшеліктерінің қатынасы ықпал етеді.

Жоғары және төменгі разрядты балуандарда тәсілді орындаудың қозғалыс оқу-жаттығу және жаттығу белдесуін өткізу үшін серікті таңдау, тәсілдерді орындау дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді. 40%

тиімділікпен белдесуде тәсілдерді орындау кезіндегі дағды жетілмейді немесе бір жақты жетіледі. 30 % аз тиімділікпен тәсілдерді орындау дағдыны нығайтпайды. Қолайлысы 30%-40% тиімділікті диапазонын болып табылады. Серіктерді 30%-40% диапазонын шегінде тәсілдерді орындау тиімділігінен тандау қажет.

Тәсілдерді орындау дағдысын нығайту мақсатында "негізгі" балуанға дайындықтан кем түсетін серіктерді тандау керек. Дағды нұсқасын жетілдіру үшін "негізгі" палуаннан асып түсетін серіктерді тандау керек.

1 Алиханов И.И. *Техника и тактика вольной борьбы*, М.: ФиС, 2004, С.304

2 Платонов В.Н. *О путях совершенствования методики подготовки спортсменов* // Научно-спортивный вестник, 1984, № 4, С. 27-29

3 Платонов В.Н. *Общая теория подготовки спортсменов в олимпийском спорте*, Киев: Олимпийская литература, 1997, С.453-458

4 Каражанов Б.К. *Медико-биологические и психологические особенности спортивной борьбы* // Учебное пособие для студентов.: Алма-Ата: КазИФК, 1985, С.88

5 Шепетюк М.Н. *Контроль в спортивной борьбе*, Алматы: КазАСТ, 2002, С.101

Резюме

И.Құрманәлі, А.Жұмағұлов – магистрант 2-курса специальности физическая культура и спорт, КазНПУ им.Абая институт PhD докторантуры и магистратуры, Научный руководитель: д.п.н., профессор Ильясова А.Н.

«Особенности обучения техники вольной борьбы школьникам»

В статье говорится о том, что базовая техника должна обеспечить формирование в сознании обучаемого представлений об основных требованиях к организации движений с учетом смысла и условий решаемой двигательной задачи. В соответствии со смыслом двигательной задачи базовые действия структурируются в сознании обучаемого, превращаясь из предмета преподавания в предмет научения, определяясь как условия восприятия, формирования, запоминания, воспроизведения операций в их логической последовательности. Таким образом, овладеть базовой техникой вольной борьбы — значит научиться правильно ставить перед собой цель и реализовать ее в последовательности обязательных операций и действий в их целостной динамике.

Ключевые слова: борьба, техника, тактика, тренировка, физическая подготовка, спортсмены, методика обучение

Summary

I.Kurmanali, A.Zhumagulov - 2-course undergraduate specializing in physical culture and sport, Named after Abai Kazakh National Pedagogical Institute PhD doctoral and graduate, Scientific adviser: Ph.D., Professor Ilyasova A.N.

«Feature training equipment freestyle wrestling school boys»

That the basic equipment has to provide formation in consciousness of the trainee of ideas of the main requirements to the organization of movements taking into account sense and conditions of the solved motive task. According to sense of a motive task basic actions are structured in consciousness of the trainee, turning from a teaching subject into a learning subject, being defined as conditions of perception, formation, storing, reproduction of operations in their logical sequence. Thus, to овладеть basic technology of free-style wrestling - means correctly to learn to set before itself the purpose and to realize it in a последовательности obligatory operations and actions in their complete dynamics.

Keywords: fight, technique, tactics, training, physical training, athletes, technique training

УДК: 796.853.23

ЕРКІН КҮРЕС ТҮРІНДЕ БАСТАПҚЫ ДАЙЫНДЫҚ ТОБЫНЫҢ ІРІКТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Жұмағұлов, И.Құрманәлі – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2-курс магистранттары,
Ғылыми жетекші: п.ғ.д., профессор **А.Н. Ильясова**

Мақалада көпжылдық жаттығу күресшінің жаңадан спортқа келгеннен спорт мастері болғанға дейінгі ұзақ уақытты (5-12 жас аралығы) қамтып, ережеге сәйкес, 6-8 жыл аралығында қаблетті жас күресшілер алғашқы жоғары жетістікке (спорт шебері нормативтерінің орындалуы), ал жоғары жетістікке 9-10 жылда арнайы дайындықта жететуі қарастырылады. Зерттелген мәселеге қатысты қарастырылатын негізгі және міндетті тақырыптар: жастар мен жасөспірімдердің жас ерекшеліктері, көпжылдық дайындықтың негізгі әдістемелік ережелері, дайындық кезендері және олардың жылдық алған білімімен өзара байланысы, жас күресшілердің дене қасиетін дамытуға байланысты жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, жаттықтыру процесін жыл сайын оқытудың жеңілдетілген бағыттары, оқу топтарының толықтылығы және БмЖСМ-гі еркін күрес бойынша бастапқы дайындық кезендеріндегі оқу-жаттықтыру жұмыстарының күнтізбесі болып табылады.

Тірек сөздер: күрес, техника, тактика, жаттығу, дене дайындығы, спортшылар, іріктеу

Өзектілігі. Әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарынан орын алу Қазақстан Республикасының стратегиялық басты мақсаттарының бірі болып саналады. Республиканың экономикалық мақсаттарымен

қатар халықтың әл ауқатын арттыру, денсаулығын нығайту, адамдардың дене шынықтыру және спортпен шұғылдануына жағдай жасау арқылы денсаулығы мықты ұрпақ тәрбиелеу мақсаттары қойылған.

Қазақстан 1996 жылдан бастап Олимпиадалық, Әлемдік және халықаралық жарыстарға жеке спорттық команда ретінде қатысуда. Шеберлігі жоғары спортшы дайындау ұзақ уақытқа созылатын педагогикалық жұмыс екендігін ескере келіп, болашақ сапалы спортшы ізбасарларды дайындау қазіргі кезде Республикадағы барлық спорт мектептерінің алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі болып саналады.

Денемәдениеті және спорттеориясы мен тәжірибесінің негізін қалаушылар жас спортшылар дайындық жүйесін спорт теориясымен практикасының негізі ретінде, ал спорттағы іріктеуді – спорт әлемінде бірінші тұрған негізгі шарт ретінде қарастырған.

Спорт резервіндегі дайындық пен іріктеу бұл ұзақ жылғы оқу-дайындық күрдісінің қажеттілігінен туындаған.

90-шы жылдардан қазірге дейін жаттықтырушылар спорт мәдениетінің қызметкерлері іріктеу жүйесін жетілдіру сапасын жақсарту жөнінен бастамалар көтерді. Бұл жаңа әдістемелік зерттеулердің жоқтығына заманауи кезеңде акселерация қатарының кемістігіне байланысты.

Бүгінгі таңдағылым алдында тұрған ең маңызды сұрақтардың бірі келешек спортшыларды іріктеу. Сондықтан жоғарыда айтылған фактылар жас және қарқынды дамып келе жатқан спорт түрі еркін күреске оқу-жаттығу кезеңінде дене, техникалық, психологиялық және психофизиологиялық дайындығын көрсететін модельді мінездеме жасалды.

Зерттеу мәселесі: Спорт түрлерінің қайсысы болмасын өз қатарларында ең мықты, ең шебер спортшылардың болуын қалайды. Ал болашақта ең үлкен спорттық жарыстарда жеңіске жете алатын ізбасарды іздеу, спорттық мектептердегі бастапқы дайындық тобынан басталады. Осы іріктеу мәселесіне байланысты, оның сапалы болуына арналған ғылыми ізденістер мен жасалған тәжірибелерді шартты түрде төмендегідей бағыттарға бөлуге болады, оларға: акселерациялық өсудің ықпалы; антропометриялық көрсеткіштердің әсері; паспорттық және биологиялық жас әсері; спортқа ерте келу мәселесі; жаттығу жұмыстарын жоспарлау мен жаттығу жүктемелерінің орны; спорттағы қазіргі техника мен технологияны қолдану; допинг мәселесі.

Зерттеудің ғылыми болжамы. Бастапқы дайындық топтарына келген жас балалар өздерінің қай спорт түріне бейімі бар екендігін білмей келеді. Осы жағдайды зерттеу болашақта балалардың спорт түрлеріне бейімділігін ерте кезден анықтауға көмектесіп, жаттықтырушыларға балалардың денсаулығын сақтауларына, спортқа дарынды балаларды ерте кезден анықтауға және отандық спорттың сапалы сатыға көтерілуіне көмектеседі.

Зерттеу нысаны. Бастапқы дайындық топтарындағы еркін күрес түрімен айналысушы балалар.

Зерттеу пәні. Жасөспірім еркін күрес спортшыларымен өткізетін оқу-жаттығу жұмыстарының мазмұны.

Зерттеу мақсаты. Жасөспірім еркін күрес спортшы ізбасарлар дайындау мақсатында бастапқы дайындық топтарындағы жұмысты жүргізу әдістемесін өзгерте отырып, балалардың спорт түріне бейімділігін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

жасөспірім спортшы ізбасарлар даярлаудағы қазіргі проблемаларды анықтау;

бастапқы дайындық топтарындағы оқу-жаттығу жұмыстарының мазмұны мен міндетін зерттеу;

спортшы балалардың дене қабілеттері мен физиологиялық өсу ерекшелігін анықтай отырып спорт түрлеріне балалардың бейімділігін анықтауға жол ашу;

болашақ спортшы ізбасарларды үлкен дене-күш жүктемелеріне дайындықтарын арыттыру арқылы спорттық шеберлікке жетудің тиімді жолдарын көрсету;

спортшы ізбасарларды іріктеу мақсатында спорт мектептеріндегі оқу-жаттығу бағдарламаларын жетілдіру.

Зерттеу әдістері. педагогикалық әдебиеттерге шолу, анкета-сұхбат жүргізу, тесттік-сынақтаралу, педагогикалық тәжірибе жүргізу.

Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру және жоғары жетістіктер спортының жай-күйі, әлемдік спорт дамуының қазіргі заманғы үрдістері республикада спортты дамыту жөнінде түбегейлі шұғыл шаралар қабылданбайынша Қазақстандық спортшылардың әлемдік аренадағы көрсеткіштері төмендей беретінін көрсетіп отыр.

Халықаралық стандарттардан қалуымыздың себебі ең алдымен бүгінгі күні әлемдік биік талаптарға жауап беретін қазіргі заманғы спорт базаларының аздығы және спортшы даярлаудың жаңа ғылыми-әдістемелерінің әлсіз дамуы болып табылады.

Қазіргі заманғы спорт деңгейі өзінің даму сатысында спорттық нәтижелердің өсуінде ғылыми және инженерлік жетістіктерге негізделген жаңа көзқарастарға маңызды рөл береді. Жаңа спорт ареналары, жаттығулар мен жарыстар үшін арнайы жағдайлар жасау ісіндегі жаңа жетістіктер, арнайы киім, құрал-сайманмен жарактандыруды қолдану және құрастыру әлемнің мықты спортшыларының көрсеткіштерін күрт жақсартуға жеткізді, ХХІ ғасырға спорттың қандай негізгі бағыттарда қарыштап өнетінін көрсетіп отыр.

Республика халқының дене қозғалысы белсенділігінің төмендігі жүрек-қан аурулары мен тыныс жолдары органы ауруларынан өмір сүру жасының қысқартуына әсер етіп және өлім деңгейінің жоғары болуына әкеп соқтыратын факторлардың бірі болып отыр. Ел тұрғындарының тұратын аймағына қарай 5-тен 10,5 пайызы ғана дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылданатындығы белгілі болып отыр. Осы жағдайды шұғыл түзету үшін Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің 2014 жылғы жолдауында Бұқаралық спортпен шұғылданушылар санын 2030 жылға дейін 70 %-ға жеткізу қажеттігін атап көрсетті.

Іріктеу кезінде төмендегі жайттардың іріктеуге қатысушының бойында бар болуын ескеру:

1. Өзін-өзі жақсы көру мен ар-намысының күштілігі;
2. Тұрғылықты орны мен негізгі жаттығу базасының арасындағы қашықтықтың жақындығы;
3. Көп көлемдегі жаттығуларды орындауға септігін тигізетін, жоғары дегейдегі төзімділік;
4. Тепе-теңдікті сақтай алу (координация) дарындылығы. Күрес тепе-теңдікті жақсы сақтай білуді талап етеді. Бұл қасиетті жетілдірудің нәтижелілігі тепе-теңдікті сақтай алу қасиетіне тәуелді.

5. Бойдың ұзындығы. Бойдың ұзын болуы жоғарытық жетістіктерге жетуге септігін тигізеді деп есептеуге негіз бар.

6. Спортшылар жанұясынан шығу.

Жоғарыда келтірілген ұсыныстарды талдай келе, олардың негізінде жетіліп, дамуы гелетика заңына сәйкестендірілген адамның анағұрлым орнықты мінездемелері жатқанына көз жеткіздік.

Еркін күрес үйірмесіне барлық ниет білдірген балаларды жазады. 1,5-2 айдан кейін 50%-ға дейінгі кілемді тастап кетеді. Ең бірінші болып жүйке жүйелері әлсіз балалар кетеді. Кілемде өз әлсіздігіңді жасырып қалу мүмкін емес. Одан ары қарай, физикалық салмақ салу артқан сайын, физикалық жағынан әлсіздеу болғандары кетеді. Ең соңында, жүйке жүйелері жарыстыруларға шыдамаған балалар кетеді.

Шетелдік мамандар у. Plagi and est, M. Kodim, L. Nadort спорттық шеберліктің анағұрлым маңызды алғышарты жас спортшының антропометриялық сипаттамалары мен тепе-теңдікті сақтау қозғалыстары емес, оның талпынысы, өз дегенінен қайтпайтындығы, дене жағынан дайындығы, ұмтылысы, жарыстарда өзін барлық жағынан көрсетуі, стресс жағдайларын жеңе білу қасиеті деп есептейді. Оны былай негіздейді: дене дамудың кемшіліктерін салыстырмалы түрде қысқа мерзімде жоюға болады, ал жеке бастың қасиеттерін еш нәрсе алмастыра алмайды.

Қортындылай келе, айтарлықтай мөлшерде спортшылардың негізгі көрсеткіштерінің, яғни арнайы дайындығы мен спорттық шеберлігінің деңгейін бағалаумен байланысты іріктеу сапасы туралы ой-пікірін атап айтуға болады. Дене мінездемелерінің даму деңгейі (төзімділігі, икемділігі, тепе-теңдікті сақтай алу қабілеттілігі), күштілік мүмкіндіктері, спорттық техникасын кемеліне жеткізуі, жұмыс үнемділігі, физикалық салмақтарды көтере алуы мен нәтижелі түрде қайта күш жинау қабілеттілігі – үнемі жас спортшылармен жұмыс жасайтын бапкердің бақылауында болуы керек.

Спорттық шеберлікті арттыруға байланысты іріктеуге қойылатын талаптар анағұрлым табиғатынан гомогенді белгілерден бастап анағұрлым күрделі интегралды спорттық көрсеткіштерге дейін өзгереді.

Тіпті ең соңғы іріктеу кезеңінде жеке бастың көрсеткіштерін кешенді бағалау, спорттық нәтижелерге қарағанда, спортта жетістіктерге жете алу мүмкіндіктерін болжау критеріі ретінде ерекше маңыздылығы бар. Оның үстіне, бір ғана көрсеткіштің көпжылдық спорттық дайындығына байланысты бірнеше мәліметтілік деңгейі болуы мүмкін. Іріктеу критерилерінің болжас жасауының маңыздылығы жас аралығына, мамандану саласы мен квалификациясына тәуелді.

Спорттық іріктеу, біздің еліміздегі сияқты, шет мемлекеттерде де жастар спортының теориясы мен әдістемесінде, көптеген мамандарды тартса да әлі күнге дейін өзекті және шешімін таппаған мәселелердің бірі болып отыр. Г.С. Туманян іріктеу мәселелерінің қиындығын оның әр қырлылығынан деп есептейді. Оның философиялық, педагогикалық, экономикалық, этикалық, метрологиялық, әлеуметтік және басқа да аспектілері бар. Алайда, оның тәжірибелік бағыты да бар: қалай және нәтижелілігі жоғары болу үшін қандай көрсеткіштердің негізінде іріктеу жұмыстарын жүргізу керек, бағытын анықтау керектігін қарастырады. Оның үстіне, зерттеулердің педагогикалық бағытының негізгі жолы спортшылардың дайындық деңгейін және келешегі барын алдын - ала болжау үшін жинақы, әрі мәліметті және қол жеткізуге болатын жүйені жасап шығару.

Осылайша, ғылыми - әдістемелік әдебиеттерден алынған мәліметтерге талдау жасау мен оларды жалпылау келесідей қортынды жасауға мүмкіндік береді: кейінгі уақытта нақты, спорт түрімен айналысатын балаларға іріктеу жұмыстарын жүргізу мәселелеріне арналған көптеген жұмыстар атқарылды. Көптеген жылдар бойына педагогикалық, медициналық – биологиялық, психологиялық, ұйымдастырылған іріктеу критерилері бойынша қарқында жұмыстар жүргізілуде. Іріктеудегі қажеттіліктерді теориялық жағынан негіздеуде айтарлықтай жетістіктерге қол жетті. Көптеген авторлар спорттағы бағдармен іріктеуде негізгі қағида- жас спортшылардың мүмкіндіктерін кешенді бағалау болу керек деген бір тоқтамға келеді.

Қазіргі уақытта қолданылып жүрген спорттық іріктеу жас, әрі талантты, спортшыларды кең көлемде таңдап алуға және олардың келешектегі спорттық нәтижелерін білуге мүмкіндік бермейді, өйткені, бұл мәселенің әдістемесі толығымен жасалып бітпеген, жалпы топталған талаптар, іріктеу әдістері жоқ.

Сондықтан, негізгі алдыға қойған мақсат қалыптастыратын педагогикалық тәжірибе барысында оқу-жаттықтыру кезеңінде жасалған спорттық іріктеу нәтижелілігін ғылыми түрде дәлелдеу (негіздеу).

Нақты дене, техникалық және психологиялық дайындықтармәліметтерінің негізінде Еркін күресшілерді оқу-жаттықтыру кезеңіндеіріктеу үлгісін жасап шығару.

Бұл үлгіні жасау үш кезеңнен тұрады, олардың мақсаты дайындық деңгейін және жоғарғы спорттық нәтижелерге қол жеткізетін потенциалдық мүмкіндіктерін анықтау.


I кезең – күресшілердіңсалмақтарын ескере отырып анағұрлым ақпаратты тесттер бойынша дайындық деңгейлерін тестілеу келесідей бөлімдерден тұрады:

1 бөлім–дене және техниалық дайындықтарын анықтау үшін педагогикалық тестілеу;

2 бөлім - жеке басының психологиялық ерекшеліктерін және интенсивтілік мүмкіндіктерін анықтау үшін жас спортшыларды психологиялық тестілеу;

II кезең – дене және техникалық дайындықтың, психофизиологиялық профиінің үлгісін жасау, еркін күресшінің психологиялық суретін жасау;

III кезең – көп жылдық спорттық жаттықтырудың келесі кезеңіне ауысу туралы соңғы, әрі нақты шешім шығару, жаттықтыру жоспарларын түзету.



1-сурет. Еркін күресшілерді бақылау оқу-жаттығу тобына іріктеу қортындылары

Сынақ тобында (18 адам) іріктеу салмақ категориялары бойынша біз жасаған үлгілік сипаттамаларға сәйкес жүргізілді. Педагогикалық тестілеуді орындағаннан кейін топтағы балалар саны барлық сынаққа қатысушылардың (12 күресші) 67%-ын құрады. Бұл спортшылар дәрежелері жағынан, техникалық дайындықтары жағынан талаптарға сай келді. Мұнда іріктеуден өтпеген жасөспірімдердің дайындықтарының көрсеткіш деңгейлерінің тұрақсыздығы анықталды. Бұл өз кезегінде, оқу-жаттықтыру процесін ары қарай жалғастыруға кері әсерін тигізуі мүмкін.

Бастапқы кезеңдердегі іріктеу процесінің пайыздық мөлшерінің аз болуын, салмақ категориясында үлгілік сипаттамалардың бастапқы көрсеткіштерінің жоғары болуымен түсіндіруге болады.

Іріктеудің қортынды кезеңінде барлық жаттығушылардың 50%-ын, яғни 9 баланы сынақ тобына ауыстыруға шешім қабылдадық (2-сурет). Айта кету керек, күресшілерді оқу-жаттықтыру процесінің келесі кезеңіне ауыстыру үшін шешім қабылдауға, олардың физикалық, психологиялық және техникалық дайындықтарын кешенді бағалауға аса үлкен мән берілді.



2-сурет. Оқу-жаттығу сынақ тобына іріктеудің қортындысы

Жасалған әдістеменің нәтижелілігін анықтай отырып, күресшілердің спорттық кезеңдегі жарыстық қортындылары талданды (3-сурет).



3-сурет. Сынақ және бақылау топтарындағы еркін күресшілердің жарыстық қортындыларының динамикасы

Жас спортшылардың жарыс қортындылары бойынша мәліметтер алынды. Олар облыстық деңгейдегі алты жарыстық біріншіліктерге, турнирлерде өнер көрсетті. 3-суретте көрсетілген жарыс серияларына талдаудың қортындысы көрсеткендей, сынақ тобындағы күресшілердің жарыстық қортындылары 3,2-ден 2,2 орындар аралығында ауытқып тұр, ал жеке өнер көрсетуде 1-разрядты жасөспірімдер арасында, 1-разрядты ересектер арасында сәйкес талаптарды орындап, квалификациялық көрсеткіштерге қол жеткізді. Бақылау тобы іріктеу кезіндегі болашақ баға берудің нақты болмағандығын көрсетті, оны жарыс сериялары бойынша алған орындардан көруге болады. Соған орай, келесідей қортындыға келуге болады: сынақ топтарына күресшілерді салмақ категорияларын ескере отырып болжау негізінде іріктеу әлдеқайда әділ өткен.

Қорытынды: Арнайы ғылыми-әдістемелік әдебиет талдауы бойынша, практикалық тәжірибеде жасөспірім еркін күресшілерді іріктеуде және өзіндік зерттеулердің нәтижелері бойынша еркін күресшілердің қазіргі кездегі спорттық іріктеу жүйесі оқу-жаттығу кезеңіндегі нәтижесі жеткілікті емес екендігін көрсетті. Ол объективтілік талаптары үшін жауап бермейді және кешенді түрде болмайды, тек жаттықтырушылардың тәжірибесінде құралады. Бұл көп жылдық дайындықта ең маңызды кезеңін жаңарту қажеттілігін және дайындықтың бастапқы сипаттамаларын кешенді бағалау ғылыми негіздеулер еріксіз көндіреді.

1 Алимханов Е.А. Балуанның дене-күш қабілетін арттыру. - Алматы, 2004.

2 Турлыханов Д.Б. Отбор перспективных спортсменов и планирование учебно-тренировочного процесса в ДЮСШ и СДЮШОР. - Астана, 2002. - С. 22.

3 Қаражанов Б.К. Медико-биологические и психологические особенности спортивной борьбы. - Алма-Ата: Каз ИФК, 1985. - С. 15.

4 Сиккут Т.Х. Отбор юных борцов на начальном этапе обучения // Эффективность ст. тренировки. - Тарту, 1999. - С. 55.

5 Мелихова Т.М. Организационно-методические основы технологий спортивного отбора // Теор. и пр. физ. культ. - М., 2007. - №4. - С. 32.

6 Шахмуратов Ю.А. Вольная борьба. Научно-методические основы многолетней подготовки борцов. - М.: Высш. шк., 1997. - 189 с.

Резюме

И.Құрманәлі, А.Жұмағұлов – магистрант 2-курса специальности физическая культура и спорт, КазНПУ им.Абая институт PhD докторантуры и магистратуры, Научный руководитель: д.п.н., профессор Ильясова А.Н.
«Проблемы отбора начальной подготовительной групп по вольной борьбе»

Многолетняя тренировка охватывает длительный период становления борца от новичка до мастера спорта международного класса. Этот период составляет 5-12 лет. Как правило, способные юные борцы достигают первых больших успехов через 6-8 лет (выполнение норматива мастера спорта), а высших достижений — через 9-10 лет специализированной подготовки. Основными и обязательными темами для изучения являются: возрастные особенности детей и подростков; основные методические положения многолетней подготовки; этапы подготовки и их взаимосвязь с годами обучения; преимущественная направленность тренировочного процесса по годам обучения с учетом возрастных периодов развития физических качеств у юных борцов; наполняемость учебных групп и режим учебно-тренировочной работы в ДЮСШ по вольной борьбе на этапе начальной подготовки.

Ключевые слова: борьба, техника, тактика, тренировка, физическая подготовка, спортсмены, методика обучение, отбор

Summary

I.Kurmanali, A.Zhumagulov - 2-course undergraduate specializing in physical culture and sport, Named after Abai Kazakh National Pedagogical Institute PhD doctoral and graduate, Scientific adviser: Ph.D., Professor Ilyasova A.N.

«Selection problems initial preparatory group freestyle wrestling»

Long-term training covers the long period the fighter's становление from the beginner to the world class master of sports. This period makes 5-12 years. As a rule, capable young fighters make the first great progress in 6-8 years (implementation of the standard of the Master of Sports), and the highest achievements — in 9-10 years of specialized preparation. The main and obligatory subjects for studying are: age osobennokt of children and teenagers; basic methodical provisions of mnogoletkny preparation; stages of preparation and their interrelation over the years training; primary orientation of training process by years of training taking into account the age periods of development of physical qualities in young fighters; fullness of educational groups and the mode educational - the training works in junior sports school on freestyle wrestling at a stage of initial preparation.

Keywords: fight, technique, tactics, training, physical training, athletes, teaching methodology, selection

ӘОЖ: 612.217

ЕР АДАМНЫҢ ТҮРЛІ ЖАС КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ АППАРАТ ҚЫЗМЕТІНІҢ РЕЗЕРВІ

Р.Ж.Нарибай –биология ғылымының кандидаты, доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ

Ер адамдар тыныс аппаратының резервтік мүмкіншілігін сипаттайтын: өкпенің тіршілік сиымдылығы, өмірлік индекс және өкпенің өте жоғары желденуі сияқты көрсеткіштердің жасқа байланысты динамикасы зерттелінді. Бақылауға жастары 12-ден 50 жас аралығындағы спортпен шұғылданатын және спортпен айналыспайтын ерлер қамтылды (барлығы 60-ден асатын адам). Негізінде спортшыларда сыртқы тыныстық қызмет резервтерінің қалыптасуы 16-17 жаста аяқталады. Сонымен қатар, ер адамдардың студенттік жылдары спорттық жаттығулармен тыңғылықты шұғылданулары, кәмелеттік толысқан шақтарындағы жоғары тыныстық резерв дейгейінің сақталуына бірден-бір себепші екені көрсетілген. Осыдан, адамның респираторлық аппаратының жоғары функционалдық жүктеме кезіндегі күштенуінен, тыныс бұлшық еттерінің ширыға жұмыс атқаруын бағалайтын жүйені өңдеу қажеттілігі туындайды.

Тірек сөздер: тыныс аппаратының резервтік мүмкіншілігі, өкпенің тіршілік сиымдылығы, өмірлік индекс, өкпенің өте жоғары желденуі, тыныстың жасқа байланысты функционалдық динамикасы

Адамның резервтік мүмкіншілік мәселесі, экстремалдік жағдайлардағы адам өмірінің фундаменталдік және қолданбалы аспектілерін зерттеуші мамандар назарында екені белгілі. Кез-келген бейімделіс, соның қатарында қарқынды интеллектуалді және бұлшықет қызметіне, қоршаған ортаның қолайсыз факторлер әсеріне ағзаның бейімделуі – оның бүкіл резервінің тоғыса бірігуі, әсіресе физиологиялық резервінің жұмылдырылуы арқылы іске асады. Физиологиялық резерв эволюция үрдісінде қалыптасқан, мүшелердің, жүйелердің, тұтас ағзаның тыныштық жағдайымен салыстырғандағы өз қызметінің қарқынын бірнеше есеге арттыра алу қабілеттілігі ретінде қарастырылады [1-3].

Негізінде, ағзаның функционалдық резерві адам денсаулығының дәрежесін анықтайды. Сондықтан да, академик Н.М.Амосов 1975ж. өзінде-ақ адам денсаулығының сандық бағалануының қажеттілігі туралы, ал функционалдық резервті басты функционалдық жүйелер мен мүшелердің «резервтік қуаттылық» жиынтығы ретінде қарастыру керектігін тектен-тек айтып өтпеген [4]. Ал тыныс жүйесінің резервіне қатыстысы, ол өкпе желденуінің артуы мен тыныс бұлшықеттерінің төзімділік мүмкіншіліктерімен анықталады.

Адамның сыртқы тыныс резервін зерттеп білуге деген құштарлық, респираторлық аппараттың функционалдық мүмкіншілігі барынша шексіз деп қалыптасып қалған көзқарасқа, соңғы уақытта,

адамның жұмыскерлік қабылеттілігін шектеуші факторлерге, тек жүрек-тамыр жүйесі ғана емес, сонымен бірге тыныс бұлшықеттерінің тез қажуынан туындайтын респираторлық жүйедегі қиыншылықтар ықтималдығымен түсіндіріледі [5,6]. Бір жағынан тыныс бұлшықеттерінің жұмысы, тек өте максималдік режимде ғана емес, сонымен қатар өкпенің субмаксималдік желденуінде де, өте жоғары оттегін тұтыну шамасының 20-25%-на жете, оттегінің айтарлықтай шығындалуын құрайды.

Ғылыми әдебиеттер мәліметтерін жүйелей талдау барысы, адам тынысының функционалдық резервінің жастық динамикасына қатысты мағлұматтарды растайды. Мәселен, 6 жастан 15 жас аралығындағы ер балаларда бір жағынан тыныс қызметінің онтогенездік дамуындағы жеке даралық айрықшылық көрініс тапса, екіншіден – соматометрлік көрсеткіштер дамуына байланысты тығыз тәуелділік байқалады [7,8]. Назар аударатын жайт, 14-15 жастағы жеткіншектер тынысының функционалдық резервінің шектеулі болуы, сондықтан жаттықтыру жүктемесін олардың тыныс жүйесінің жеке даралық мүмкіншілігін есепке ала оңтайластыру қажет [9]. Осындай көзқарастар, жеткіншектік шақтағы спортшылар үшін сыртқы тыныс қызмет резервінің аса маңыздылығын атап көрсеткен соңғы ғылыми еңбекте де [10] негізделіп түседі.

Ересек адамдардың функционалдық резервін бағалауда, көптеген зерттеуші ғалымдар мәліметтері бойынша 40 жастан соң респираторлық аппарат мүмкіншілігінің айтарлықтай төмендеуін атап өткен жөн [11]. Егерде 20-29 жастағы ер адамдардың ӨӨЖЖ (өкпенің өте жоғарғы желденуі) шартты түрде 100% десек, онда, оның деңгейі 40-59 жаста 77,3%-ды құрайды. Зерттеу нәтижелері, ер және әйелдердің респираторлық аппарат резерві мүмкіншілігінің айтарлықтай төмендеуі 60-тан жоғары жаста жүретінін көрсетеді. Мұндай дәлелдемелер, тіпті жүгірумен белсенді шұғылданушыларда да байқалады. Олардағы өкпенің өте жоғары желденулері, 30 жастағылармен салыстырғанда 35%-ға төмендейтіні көрсетілген [12]. Қарт адамдардағы ӨӨЖЖ төмендеуінің басты себебінің бірі, өкпе созылғыштығының (эластика) жасқа байланысты нашарлауында деген жорамал бар.

Адамның жұмыскерлік қабылеті мен сыртқы тыныс қызметінің резервтік мүмкіншілік арасында тығыз байланыстың барлығы жөнінде, отандық және шет ел еңбектерінде оншалықты қарама қайшылық жоқ. Негізгі сұрақ, қоршаған орта жағдайының өзгеруіне адамның бейімделу сәтінде, респираторлық жүйе резервінің қандай жағдайда шешуші маңыздылығының артуында болып отыр. Спортпен айналыспайтын адамдардың дене жүктемесіне бейімделу үрдісінде сыртқы тыныс қызмет резервінің айрықша маңызды рөлі көрсетілген [5].

Осы күнге дейін спортшылар мен спортпен шұғылданбайтындардың тыныстық функционалдық резерв деңгейлеріне қатысты қарама-қайшылықтар шешіле қоймаған мәселе. Кейбір деректерде адамның ӨӨЖЖ дәрежесі 50 литрден 180 литрге [13] дейін, ал басқаларда – 125-тен 170 литрге [14] дейін ауытқиды делінген. ӨӨЖЖ жеке даралық шамасының жоғары диапазоны: 50-ден 230 литрге дейін ер адамдарда, ал 40-тан 170 литрге дейін әйелдерде кездесетіні келтірілген [15]. Осы автордың мәліметі бойынша тыныс бұлшықеттері жақсы жетілген спортшы ер адамдарда ӨӨЖЖ дәрежесі 350 литрге, ал споршы әйелдерде – 250 литрге жеткен.

Бұл жұмыстың мақсаты, қозғалыс белсенділігі түрлі режимдегі (спортпен шұғылданушылар және спортпен айналыспайтын) ер адамдар жасын есепке ала тыныс аппаратының функционалдық резервін салыстырмалы бағалау болып табылады.

Материалдар және әдістер

Бақылауға жеткіншектер, жасөспірім және ересек спортшы азаматтар мен спортпен шұғылданбайтындар орта жастағы ер адамдар қамтылды. Зерттеуге, бес топқа топтастырылған жалпы 60 адам қатыстырылды. Алғашқы үш топқа: жеткіншек, жасөспірім және ересек жастағы спортшы ер жігіттер қамтылды. Төртінші және бесінші топ спортпен айналыспайтын жастар және толысқан кәмелеттік шақтағылар топтастырылды. Мұнда, зерттелушілердің бесінші тобы студенттік кезеңде спортпен барынша шұғылданған ер адамдардан құралғанына көңіл аударта кеткен дұрыс. Зерттелген ер адамдар жасы 14-тен 50 жас аралығын құрады.

Зерттеу жұмысы бір схема бойынша жүргізілді. Алғашында ВСВ-01 волюмоспирометр көмегімен өкпенің тіршілік сиымдылығы (ӨТС) анықталынды. Әрбір зерттелушінің үш реттік өлшенілген ӨТС ең жоғарғы нәтиже есепке алынды. Сосын, тыңғылықты түсіндірілумен және дайындық көрсетілімінен соң өзіміз ойластырған модификацияланған әдіс бойынша өкпенің өте жоғары желденуін анықтау жүзеге асырылды. Бұл әдістің ерекшелігі, 30 секундтық ерікті максималді тыныс алу кезеңінде шығарылған дем ауасы бір ғана ыдысқа емес, бұрынғы тәсілдерден өзгеше, 10 секундты құрай үш Дуглас қапшығына бөлек-бөлек жинақталды. Мұндай тестілеу нұсқасы бір жағынан ӨӨЖЖ дәрежесін кәдімгі процедураға сәйкес өлшеуді қарастырса, екіншіден зерттелушінің дүркін-дүркін уақыт аралығындағы максималді өкпе

желденуіне шыдамдылық қабылетін бағалауға мүмкіндік туғызады. Бұндай зерттеулер тек, тыныстың минөттік көлемін (ТМК) ғана анықтауға байланысты емес, сонымен бірге Дуглас-Холден әдісі бойынша газ алмасуына да байланысты. Шығарылған дем ауасының газдық құрамын талдау ГВВ-2 аппаратында, ал оның көлемі ГСБ-400 типіндегі газ есептеуіш көмегімен анықталынды.

ӨӨЖЖ анықтауда, тыныс жиілігі (ТЖ, цикл/мин) және тыныс тереңдігі, яғни тыныс көлемі (ТК, мл) тіркелінді. ӨТС және ӨӨЖЖ көрсеткіштерін бағалау үшін, экстремалдік зерттеу үрдісінде алынған олардың негізгі шамалары анықталынды [14,16]. Респираторлық аппарат мүмкіншілік резерві, ӨТС (мл) дене массасына (кг) бөлгендегі бөлінді, яғни өмірлік индекс негізінде де бағаланды. Бұл көрсеткіш шамасы спортпен айналыспайтындарда 60 литрді құраса, ал спортшы жігіттерде 68-70 мл құрады [17]. Бақылау нәтижелері вариациялық статистика әдісін қолданумен өңделінді.

Нәтижелер және талдаулар

Жалпы, адамның респираторлық аппарат мүмкіншілік резерві туралы пікірдің қалыптасуы, ӨТС мен ӨӨЖЖ-нің нақты және негізгі шамаларын салыстыруға мүмкіндік туғызады. 1-ші кестедегі мәліметтерді талдау барысы, жеткіншек-спортшылардың нақты ӨТС деңгейі, негізгі дәрежеден 14,3%-ға қалыс қалатындығын, ал жасөспірімдер мен ересектерде керісінше ол көрсеткіш, одан 4,9% және 18,3%-ға асып түсетінін көрсетті. Өкпенің өте жоғары желденуіне келер болсақ, жеткіншек-спортшылардың нақты және негізгі шамалары арасындағы болмашы ғана айырмашылықтың барлығы, ал жасөспірім және ересек спортшыларда ӨӨЖЖ нақты дәрежесі 22,2% және 40% артқаны байқалды. ӨТС және ӨӨЖЖ-нің негізгі деңгейлері, күнделікті белгілі қозғалыстық режимдегі аламдарға орайластырылған формула бойынша анықталғанын айта кету керек.

1-ші кестеден тыныс бұлшықеттерінің өкпенің өте жоғары желдену режиміндегі жұмысы, шын мәнінде 1 л/мин дәрежесінен аса түсетін оттегін тұтыну бойынша талдасақ, онда біршама энергия жұмсалуден атқарылатындығын көруге болады. Басқаша айтқанда, респираторлық тыныс еттерінің жұмысына жұмсалынған оттегі мөлшері, өте жоғары оттегін тұтынудың 20-25%-на жетеді. Жасөспірімдер мен ересек спортшылардың бір литр желдену ауасындағы оттегі құндылығы 5,33-6,43 мл шамасында ауытқитынына назар аударған жөн.

1-ші кестеде келтірілген эксперименттік мәліметтер, жеткіншек-спортшылардың (14,7±0,65 жас) респираторлық аппаратының резервтік мүмкіншілік көрсеткіштері, жасөспірімдер (16,6±0,41 жас) мен ересек (22,8±3,2 жас) спортшылар көрсеткіштерінен айтарлықтай қалыс қалатындығын дәлелдей түседі. Өңгіме тек, жасөспірімдер мен ересектердің, жеткіншектерге қарағанда ӨТС және ӨӨЖЖ дәрежелерінің абсолюттік деңгейлерінің біршама жоғарылығында емес, сондай-ақ дене массасын есепке алғандағы функционалдық резерв көрсеткішін салыстыру жайында болып отыр. Мысалы, жасөспірімдер мен ересек спортшылардың өмірлік индексі орташа 12,2% және 14,2%-ға, ал ӨӨЖЖ – 9,7% және 16,4%-ға жоғарылаған. Осы бақылау нәтижелеріне сүйенсек, спортшылардың респираторлық аппаратының резервтік мүмкіншілігінің қалыптасуы негізінде 17 жаста аяқталады деп тұжырымдаға болады. Сондай-ақ, жасөспірімдер мен ересек спортшылардың сыртқы тыныс аппаратына түсірілген максималді жүктеме кезіндегі функционалдық резервтерін жұмылдырылу механизмінде айырмашылықтар байқалады. Едеуір жас спортшылар өкпесінің максималді желдену дәрежесі, тыныс компонентінің жиілену (тыныс жиілігі минөтіне орташа 100 циклге жетеді) есебінен жоғарыласа, сонда тыныс көлемі, ӨТС-ның 37,2%-ын ғана құрайды екен. Бұл жерде көңіл аудартатын жайт, ғылыми әдебиет мәліметтері бойынша тыныстық көлемнің оңтайлы деңгейі, ӨТС 45-55%-на шамалас болады [18]. Ересек спортшылардың тыныс жиілігі мен тыныс көлемінің арасында біршама оңтайлы қатынастың барлығы білінеді. Тыныс жиілігі орташа минөтіне 90 циклге жетсе, ал тыныс көлемі, ӨТС-ның 42,6%-ын құрайды.

1-ші кестеде спортшылар нәтижелерімен бірге, спортпен шұғылданбайтын жас ер азаматтардың (19±0,3) және ересектердің (44±6,8) респираторлық аппарат қызметінің резерві туралы ақпараттар да берілген. Біршама жас айырмасының барлығына, тіпті 25жасқа да қарамастан, бұл екі топтағы ер адамдардың ӨТС және ӨӨЖЖ көрсеткіштерінің сәйкестігі жақын. Мәселен, өкпенің тіршілік сиымдылығының нақты шамасы негізгі шамадан аз ғана өсімділікті көрсетсе, ал өкпенің өлшенілген өте жоғары желдену көрсеткіші есептелінген шамадан екі топта да (26,3% бен 62,1%) басымырақ.

Бұл бақылаулар нәтижесі, қозғалыс белсенділігі күнделікті режимдегі 50 жасқа дейінгі ер адамдар респираторлық аппаратының резервтік мүмкіндігі, 20 жастағы жігіттер деңгейіндей сақталыну ықтималдығын дәлелдей түседі. Осы тұрғыдан біз жүргізген бақылау нәтижелері, 40 жастан соң адамның респираторлық аппарат мүмкіншілік резерві айтарлықтай төмендей түседі деген пікірдегі әдебиет мәліметтерінен алшақтайды. Бір жағынан жүргізілген зерттеулер, спортшылар мен спортпен шұғылданбайтындар арасындағы ӨӨЖЖ-інің нақты шамаларында ешқандай айырмашылықтың

жоқтығын көрсетеді. Тіпті, біздің бақылауға алып зерттелінген спортшылардағы ӨӨЖЖ-інің нақты көрсеткіші, негізгі шамадан әжептеурім көбірек екенін аңғаруға болады, алайда өкпенің өте жоғары желденуінің осындай өсу деңгейін жалпылама оң мәнді деп сипаттауға бола қоймас, өйткені алдында атап өткеніміздей бұл көрсеткіш, спортпен шұғылданбайтын денсаулығы мықты ер адамдарға лайықты оңтайластырылған формуламен есептелінген. Жоғары білікті спортшылардың негізгі ӨӨЖЖ шамасын есептеу үшін, олардың респираторлық аппаратының қызметтік резерв дәрежесіне мұқият салыстырмалы болжам жасалуын қамтамасыз ететін мұндай формулалар қажет. Жоғары білікті спортшылардың негізгі ӨӨЖЖ шамасын есептеу үшін, қарапайым формула өңделініп негізделінді. Бұл формула бойынша ӨӨЖЖ негізгі шамасының дәрежесі, өкпенің тіршілік сиымдылығының жартысын, минутіне 90 циклді құрайтын тыныс жиілігіне көбейткендегі көбейтіндіге тең болады. Егер, ересек спортшылардың нақты ӨӨЖЖ есептеуге осы формуланы пайдаланса, онда ол 141,2 литрге емес, 241,9 литрге сәйкес келеді (1-ші кестедегі мәлімет бойынша). Олай болса, зерттелінген спортшылардың респираторлық аппаратының қызметтік резерві, шындығында негізгі шамадан әжептеурім төмен болғаны.

Кесте 1. Жеткіншек, жасөспірім спортшы ер балалар мен спортшы жігіттер, спортпен шұғылданбайтын ересектер мен орта жастағы ер адамдар тыныс аппаратының резервтік мүмкіншілік көрсеткіштері

Зерттелушілер топтары*		Биометриялық Жасы, туған жылы	Бойы, см	Дене салмағы, кг	Өкпенің тіршілік сиымдылығы				Өкпенің өте жоғары желденуі								
									Негізгі		Нақты						
					негізгі		нақты		(көлем)		көлем		ТЖ, цикл/ мин	ТҚ, мл	Оттегіні тұтыну, мл		
					мл	мл/кг	мл	мл/кг	л	л/кг	л	л/кг			мин	кг	ӨӨЖ Ж бір кг шаққа нда
1	X	14,7	170,7	58,1	4435	76,3	3800	65,5	130,0	2,24	138,7	2,38					
	σ	0,65	5,7	5,03	146	6,3	360	5,42	8,5	0,33	23,3	0,35					
2	X	16,61	177,1	65,1	4564	70,1	4790	73,46	138,5	2,13	169,3	2,61	99,4	1782	1082	16,74	
	σ	0,41	5,2	6,0	515	5,65	540	5,92	17,5	0,22	21,4	0,27	18,0	594	147	2,38	
3	X	22,8	181,1	71,9	4542	63,1	5375	74,8	141,7	1,97	198,4	2,77	89,6	2291	1137	15,91	
	σ	3,2	4,9	5,0	123	3,59	770	8,99	12,0	0,16	17,8	0,26	17,7	771	207	3,37	
4	X	19,0	175,3	67,0	4472	66,8	4620	69,3	138,6	2,07	175,1	2,64	89,9	2059	908	13,86	
	σ	0,33	7,3	10,9	50	10,7	936	6,93	22,2	0,33	33,0	0,42	17,8	694	129	3,14	
5	X	44,6	175,4	75,7	3969	52,4	4575	60,8	113,1	1,149	183,3	2,42	78,3	2363	1171	15,43	
	σ	6,8	1,1	4,3	50	2,62	61	3,18	11,3	0,8	15,6	0,09	10,4	287	237	2,11	

*1 – жеткіншек ұлдар; 2 – жасөспірім спортшылар; 3 – ересек спортшы жігіттер; 4 – ересек жастағы спортпен шұғылданбайтын ер адамдар; 5 – спортпен шұғылданбайтын орта жастағы ер адамдар

Сонымен, жүргізілген зерттеу нәтижелерін жалпы түйіндей келе, келесі жайттарды атап өту керек. Шын мәнінде, өкпенің өте жоғары желденуі, тыныс жүйесінің қызметтік қабылеттілігін және механикалық желдену қасиетін толық айқындай алатын көрсеткіш болып табылады.

Алынған мәліметтер бойынша жасөспірім спортшылардың көрсеткіштері, тек 17 жаста ғана ересектермен теңесе алады деп айтуға болады. Бұл тұрғыдан біз жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесі, спортшы-жеткіншектердің респираторлық аппаратының резервтік мүмкіншілігінің шектеулігін дәлелдейтін ғылыми әдебиеттік мәліметтермен сәйкес келеді.

Жоғарыда айтып өткендей, ӨӨЖЖ көрсеткіші тек спортпен шұғылданатындар да ғана емес, сонымен бірге спортпен айналыспайтын адамдарда да негізгі шамадан айтарлықтай басым түсетінін көреміз. 1-ші кестедегі мәліметтерді талдаулардан, спортшылардың ӨӨЖЖ аюсолюттік дәрежесі, спортпен шұғылданбайтындар көрсеткішінен айырмашылық мәні болмашы ғана екенін көреміз. Мұндай нәтижелер, спортшылардың ӨӨЖЖ-нің қанағаттандырмайтын деңгейі туралы тұжырым жасауға жеткілікті негіз болып табылады. Спортшылардың ӨӨЖЖ шамасының төмендігі, оны спорттық жетілдіру үрдісінде, олардың сыртқы тыныс резервінің дамуына барынша көңіл аудармағандықтан бәсең болатынын дәлелдейді. Респираторлық аппараттың резервтік мүмкіншілігін жоғарылату жөніндегі қамқорлыққа қадам жасау, әсіресе, баптандыру және жарыстық сипаттағы жүктемелерді орындау сәттері сыртқы тыныс қызметін қуатты жұмылдырумен жүзеге асып, соның нәтижесінде жұмыстық гиперпноное деңгейі кейде минутіне 200 литрге дейін көтерілетін спорттың циклді түрлерімен айналысатындар үшін өзекті мәселе болып отыр (18).

Біздің мәліметтер бойынша дене салмағының әр кг-на шағып есептегендегі ӨӨЖЖ дәрежесі, циклді спорт түрімен шұғылданатын спортшыларда 3,5-4 литрден кем болмауы керек. Демек, дене массасы 75 кг құрайтын спортшыда ӨӨЖЖ 300 литр болуы тиіс.

Студенттік жылдары спортпен айналысқан ересек ер адамдар ӨӨЖЖ анықтау күтпеген нәтижені көрсетті. Кейіннен, олардың ӨӨЖЖ деңгейі, спортпен шұғылданбайтын 19 жасар студенттерден кем

түспейтіні анықталды. Бұдан басқа да, ересек ер адамдар ӨӨЖЖ дәрежесі жоғары білікті споршылар көрсеткіштерінен болмашы ғана айырмашылықтар барлығы білінді. Жастық шақтаспортпен тыңғылықты айналысу, ұзақ жылдарға адамның респираторлық аппаратының резервтік мүмкіншілігінің жоғары деңгейдесакталуына кепіл болуы да әбден мүмкін.

Шешімін табу қажеттілігі бұрыннан туындаған тағы да бір сұрақтың пісіп жетілгені анық. Әңгіме, жоғары функционалдық жүктеме жағдайында адамның респираторлық аппарат қызметінің күштенуін бағалау жүйесі осы сәтке дейін өңделініп жасала қоймаған. Осыған байланысты, біздің көзқарасымыз бойынша, тек сол мезеттегі өкпенің желдену дәрежесіне ғана емес, оның ӨӨЖЖ-іне қатынасына баса назар аудару қажет. Бұған байланысты, аэробті қуатты бұлшықет жұмысын бағалауда қолданылатын жүктеме градациясын критерийлік сапа ретінде қабылдауға да болады. Мысалы, егер тыныстың минуттік көлемі ӨӨЖЖ-інің 40-50%-ын құраса, онда респираторлық аппаратқа түсетін жүктеме сылбыр қарқынды ретінде бағаланады, ал ТМК, ӨӨЖЖ-інің 55-65%, 70-80%, 85-90% дәрежелі кезінде респираторлық бұлшықеттер қызметінің күштенуі орташа, субмаксималді және өте жоғарыға жақын сипатқа ие болады.

Жалпы алғанда жүргізілген зерттеу нәтижелері, спортшыларды баптандыру бағдарламаларын өңдеп құрастыру кезінде, әртүрлі жас кезеңдеріндегі ер адамдардың респираторлық аппаратының резервтік мүмкіншілікдинамикасын дамыту үшін өздеріне тән ерекшеліктерін назарға алу қажеттілігін дәлелдейді. Біздің көзқарасымыз бойынша, адамның бейімделу үрдісін қамтамасыз етуде респираторлық жүйенің шын мәніндегі маңыздылығын бағалауға қатысты мәселе, әліде терең зерттелуді талап етеді. Респираторлық жүйенің резервтік мүмкіншілігінің жастық динамикасын, адамның тек жас шағында емес, ересек толысқан кезінде де зерттеу керектігі жөнінде сіңісіп қалған кейбір ескі көзқарастарды түбегейлі қайта қарастыру мезгілі жеткен сияқты.

1 Мозжухин А.С. Характеристика функциональных резервов // Проблемы резервных возможностей человека. Сборник научных трудов. – М., 1982. – С. 43-50.

2 Давиденко Д.Н. Общие и частные проблемы функциональных резервов адаптации организма к мышечной деятельности // Функциональные резервы и адаптация. Материалы Всесоюзной научной конференции. – Киев, 1990. – С. 157-161.

3 Давиденко Д.Н. Резервы адаптации организма человека // Тез. Докл. Международной научной конференции «Адаптация организма к природным и экосоциальным условиям среды». – Бишкек, 1998. – Часть 2. – С. 29-30.

4 Амосв Н.М., Бендет Я.А. Физическая активность и сердце. – Киев: Здоровья, 1975. – 255 с.

5 Кучкин С.Н. Резервы дыхательной системы и аэробная производительность организма: Автореф. дисс ... докт. мед. наук: 140017/. В надзаг.: Казанский государственный медицинский институт. – Казань, 1986. – 48 с.

6 Исаев Г.Г. регуляция дыхания при мышечной работе. – Л.: Наука. 1990. – 120 с.

7 Кузнецова Т.Д., Гурова О.Л., Самбунова И.П. и др. Особенности возрастного развития системы дыхания у детей 6-15 лет // Физиология человека, 1991. Т.17, №5. – С. 142-150.

8 Кузнецова Т.Д., Разживина И.И. Индивидуальные особенности развития дыхательной функции у детей от 7 до 8 лет // Физиология человека, 1994. Т.20, №5. – С. 68-73.

9 Босенко А.И., Беликова А.Г., Цонева Т.К. и др. Оценка резервных возможностей дыхания, кардио- и гемодинамики юных спортсменов // Гигиена и санитария, 1985. -№2. – С. 20-22.

10 Ванюшин Ю.С. Показатели кардиореспираторной системы у спортсменов разного возраста // Физиология человека, 1998. – Т.24, № 3. – С. 105-108.

11 Глебовский В.Д., Анохин М.И., Коркушко О.В. и др. Дыхание // М.: БМЭ, 1977. – С. 510-522.

12 Johnson B.D., Reddan W.G., Pegelov D.F. et al. Flow limitation and regulation of functional residual capacity during exercise in a physically active aging population // Amer. Rev. Respir. Disease. -1991. -143, № 5, 1.- P.960-967.

13 Исеев Л.Р., Переслегин И.А. Легочная вентиляция // БМЭ, 1980. – Т. 12. – С. 427-428.

14 Комро Дж. Г., Форстер Р.Э., Дюбуа А.Б. и др. Легкие. Клиническая физиология и функциональные пробы. – М.: медгиз, 1961, - 196 с.

15 Пономарев В.П., Функциональные резервы дыхания // В кн.: Характеристика функциональных резервов спортсмена. Сборник научных трудов. – Л.: 1982. – С. 18-24.

16 Baldwin E. De F., Cournand A. , Richards D.W. Pulmonary insufficiency. I. Methods of analysis, physiologic classification, standard values in normal subject // Medicine, 1948. -27, s.243-248.

17 Дембо А.Г. Исследование функционального состояния системы внешнего дыхания. / Спортивная медицина. – М.: Физкультура и спорт, 1975. – С. 147-175.

18 Михайлов В.В. Дыхание спортсмена. – М.: Физкультура и спорт, 1983. – 103 с.

Резюме

Нарибай Роза Жұмбаевна – к.биол.наук, доцент, КазНПУ им. Абая, E-mail:naribaeva.roza@mail.ru, 8701-55-00-172

«Функциональные резервы респираторного аппарата в различные возрастные периоды у мужчин»

Изучалась возрастная динамика показателей, характеризующих резервные возможности респираторного аппарата у мужчин, в качестве которых служили: жизненная емкость легких, жизненный индекс и максимальная вентиляция

легких. Под наблюдением находились мужчины в возрасте от 12 до 50 лет как занимающиеся, так и не занимающиеся спортом (всего более 60 человек). Приводятся данные, свидетельствующие о том, формирование резервов функции внешнего дыхания у спортсменов в основном завершается в 16-17 лет. Показано, что занятия спортом в студенческие годы создают предпосылки для поддержания высокого уровня резервов дыхания у мужчин в зрелом возрасте. Обосновывается необходимость разработки системы оценки напряженности работы дыхательной мускулатуры при повышенных функциональных нагрузках на респираторный аппарат у человека.

Ключевые слова: резервные возможности респираторного аппарата, жизненная емкость легких, жизненный индекс, максимальная вентиляция легких, возрастная динамика функциональной деятельности дыхания

Summary

Naribay Roza Jumbaikizi- candidat (Ph.D) in of Biological sciences, associate professor, KazNPU Abai

E-mail: naribaeva.roza@mail.ru, Tel.: cellular 8701-55-00-172; house 230-25-03

«Functional reserves of the respiratory apparatus at different ages of men»

Studied age dynamics of indicators characterizing the spare capacities of the respiratory apparatus in humans, which served as: vital capacity, vital index and maximum ventilation. The study included male and female aged 12 to 50 years old as engaged and not engaged in sport (over 60 people). The evidence contain the formation of reserves of the respiratory function in athletes mainly completed at the age of 16-17 years. It is shown that go in sports at the students years create a high level of reserves breathing men in adulthood. The necessity of the development of the evaluation system of the respiratory muscle strength at elevated functional loads on the respiratory apparatus in humans.

Keywords: reserve the possibility of respiratory system, lung capacity, vital index, maximum ventilation, age dynamics of the functional activity of breathing

УДК: 769.422.12

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ БАСТАУЫ – ҚОЗҒАЛЫС БЕЛСЕНДІЛІГІ

Э.К.Ахметова – *п.ғ.к., доцент, Абай ат. ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты,*

С.Х.Ерназаров – *дене мәдениеті және спорт мамандығы бойынша 2-курс магистранты Абай ат. ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты*

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына дене тәрбиесіндегі қозғалыс белсенділігінің әсері. Яғни, қозғалыс белсенділігі адам қызметінің таптырмайтын факторы бола отырып, тек оңтайлы және қолайлы күнрежімінде ғана өсіп келе жатқан организмге сауықтыру әсерін тигізеді. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары көп ретте қайталанатын күрделі құбылыс. Қазір пайдаланып жүрген негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары өте көп. Олардың мазмұндары әр түрлі. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуына – қимыл-қозғалыстармен бірге, организмде жаттығу жасалып жатқан кезде жүретін өзгерістер, жаттығудың адамға қандай әсер еткенін көрсететін процестер де кіреді. Бұл сан алуан күрделі құбылыс психологиялық, физиологиялық, биохимиялық, педагогикалық тұрғыдан қаралады. Адамның арнайы дене тәрбиесі міндеттерін орындауға арналған қимылын негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары дейміз. Қимылдың бәрі емес, тек тәрбие міндеттерін шешуге бағытталып, педагогика заңдылықтарына бағынған қимыл-қозғалыстары ғана негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары деп аталады. Еңбек ету кезіндегі қимыл-қозғалыстар материалдарды бағалы заттар шығаруға бағытталған, өнеркәсіп заңдылықтарына бағынады.

Тірек сөздер: белсенділік, сауықтыру, гипокенезия, гимнастика, қозғалыс, жылдамдық

Дене тәрбиесі - қоғамдағы жалпы мәдениеттің белігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Жастардың жан-жақты дамуын дене тәрбиесінсіз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режіміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жас адамды айтамыз.

Елімізде ерікті дене шынықтыру - спорт қоғамдары жұмыстарын қайта жандандыра бастады. Оның негізгі міндеттерінің бірі балалар мен жасөспірімдердің арасында дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады, өйткені дене тәрбиесінің негізі балалық және жеткіншектік жаста қаланады. Тек қана осы кезеңде дене жаттығуларымен шұғылдану қажеттілігі қалыптасады, дағдылар мен іскерліктер жинақталады, спортқа қызығушылық артады.

Дене жаттығулары, сылап-сипау, қозғалыс және спорттық ойындар жүру, жүгіру, шынығу, дене еңбегі дене тәрбиесінің құралдары болып табылады [1].

Айтылған құралдар өсіп келе жатқан ағза үшін маңызды сауықтыру мәніне ие. Бұл біріншіден, дене жаттығулары арқылы қоршаған ортаның жағымсыз факторлары мен жұқпалы ауруларға ағзаның қарсылығы артатындығымен түсіндіріледі. Басқа сөзбен айтқанда, денесі мықты және шыныққан адам

сирек ауырады. Екіншіден, өсу мен даму процесі ынталандырылады, жылуды реттеу реакциясы жетілдіріледі, яғни салқын тигеннен болатын сырқаттануға қарсылық артады. Үшіншіден, ақыл-ой және дене қабілеттерінің артуына себепкер болатын шыдамдылық, күш, жылдамдық пен икемділік секілді қасиеттер дамиды. Ақырында, дене жаттығуларымен айналысу жағымды эмоционалды жағдайды туғызады, сергектік пен сенімділікті қолдайды.

Дене тәрбиесімен шұғылдану кезінде жас, жыныс, ағзаның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктері есепке алынуы керектігі есте болғаны жөн. Басты талаптардың бірі - дене тәрбиесі және спортпен айналысу тәртібін сақтау, яғни олардың жүйелілігін, жүктемелердің біртіндеп арттырылу-ын, сабақ өткізілетіндей жағымды жағдайларды, әр түрлі құралдар мен формаларды кешенді түрде пайдалану.

Қозғалыс дегеніміз өмір деген қанатты сөз бар, шындығында, қозғалыс ағзаның биологиялық қажеттілігі. Күнделікті өмірде адам әр түрлі қозғалыс жасайды, олардың жиынтық көлемі қозғалыс белсенділігі деп аталады. Жүру кезінде жасалатын адам адымының саны мен жұмыс көлемінен көрінетін тәуліктік қозғалыс белсенділігі жас өскен сайын артатындығын зерттеулер көрсетіп отыр, әрі бұл көрсеткіштер ер балалар мен қыз балаларда бірдей болмайды. Яғни, жеткіншектік жастағы қыз балалардың тәуліктік адымының саны, өздерімен құрдас ер балаларға қарағанда 4,9 мың адым кем екен. Дене тәрбиесі және спортпен айналысудың нормасы мен тәртібі ғылыми тұрғыдан негізделген. 6-10 жастағы жеткіншектердің тәуліктік қозғалыс белсенділігі 25-30 мың адымды құрауы керек, ал осы жастағы қыз балаларда жүру мен жүгіру еңбек және спорттық қызмет барысында орындалатын өзге қозғалыс-қимылдармен алма-стырылуы мүмкін.

Қозғалыс белсенділігінің де өлшемі бар. Тәулікте қозғалыс бел-сенділігінің сандық сипаттамасына ие бола отырып, оның ағзаға әсер етуі туралы алдын ала айтуға болады. Тәуліктік қозғалыс белсенділігінің ең төменгі қажетті және мүмкін болатын ең жоғарғы деңгейі гигиеналық норманың шектері болады, ол бұзылса сауықтыру тиімділігі болмайды және ағзаның жағдайында жағымсыз өзгерістер дамуы мүмкін[2].

Қалыптасқан өмір салты, еңбек ету мен дене тәрбиесінің жүйесі балалар мен жеткіншектердің күнделікті қозғалыс белсенділігін өзгертуі, төмендетуі не оны арттыруы мүмкін. Кіші жастағы балаларда тәуліктік қозғалыс белсенділігі кеп жағдайда тұқым қуалаушылық негізде қалыптасатын биологиялық себептермен реттеледі. Жеткіншектерде ол әлеуметтік жағдайлардың әсерімен қоғамдық тәрбие беру барысында жекелей қалыптасады.

Қозғалыстың жетіспеуін «гипокинезия» («гиподинамия») деп атайды, ағзадағы көп жақты ауытқушылықтар гипокинезия жағдайын білдіреді. Шектен тыс қозғалыс белсенділігін «гиперкинезия» атауы білдіреді.

Сөйтіп қозғалыс белсенділігі адам қызметінің таптырмайтын факторы бола отырып, тек оңтайлы және қолайлы күн режимінде ғана өсіп келе жатқан организмге сауықтыру әсерін тигізеді.

Дене тәрбиесі мен спорттың барлық құралдары мен түрлерін дұрыс пайдалану арқылы ғана оңтайлы қозғалыс белсенділігіне жетуге болады. Мектепке дейінгі мекемелердегі, мектептердегі және бастауыш сыныптағы оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларымен қарастырылған дене дайындығының міндетті түрлері және үйде дербес шұғылдану әрбір оқушыға қолайлы.

Жеткіншектерде қозғалыс белсенділігіне тұрақты қажеттілікті қалыптастыруда спорттың алатын орны үлкен. Алайда, шама жетпейтіндей спорттық жүктемелер бала ағзасында жағымсыз өзгерістерді туындатуы мүмкін. Балалық жаста спорттың кез-келген түрімен айналыса беруге болмайды. Дене тәрбиесі және спорт комитеті бекіткен жеке спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу топтарына балалар мен жеткіншектерді қабылдау үшін жас шектері бар (1 кестені қараңыз)[3].

Тәуліктік қозғалыс белсенділігінің ұсынылып отырған көлемі сергектіктің (ұйықтамаған уақыттың) барлық кезеңіне бірқалыпты бөлінуі тиіс: ағзаның тәуліктік ырғағына сәйкес дене қозғалысының көп бөлігін 9-12 және 15-18 сағаттардың арасында орындау керек.

Оңтайлы құрылған қозғалыс режимінің міндетті жағдайына қозғалыстың сапалық әр түрлілігі жатады. Дене жаттығуларымен шұғылдану, бұлшық ет күшін жұмсау қызметінің түрлері әр түрлі болуы тиіс және сонымен бірге өсіп келе жатқан ағзаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес келуі қажет. Жалпы білім беретін мектептегі дене тәрбиесі Президент сынамаларын тапсыруды, сыныптан және мектептен тыс түрліше шараларды өткізуді де қарастырады.

Оқушылар дене тәрбиесінің езара байланысты түрлерін дене тәрбиесі сабақтары, мектептің күн режиміндегі дене шынықтыру-сауықтыру шаралары, сыныптан және мектептен тыс спорт-көпшілік жұмыстары, үйде, мектеп жанындағы және ауладағы алаңда, стадионда дене жатты-ғуларымен дербес айналысу түрлері құрайды [4].

1-кесте. Спорттың әр түрімен шұғылдана бастайтын жас

Спорттың түрлері	Қабылдау жасы (жылы)			
	Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі Бастапқытоптар	Маманданутоптары	Жалпыбілім беретін мектептердегі спорттық сыныптар	Мектеп-интернаттар дың спорттық сыныптары
Акробатика	8-9	10-11	9-10	10-11
Баскетбол	10-12	12-14	10-11	12-13
Бокс	12-14	14-15	13-14	13-14
Күрес	10-12	12-14	10-11	12-13
Волейбол	10-12	12-14	10-11	12-13
Спорттық гимнастика	8-9	10-11	9-11	10-11
Көркем гимнастика	7-8	9-10	9-10	10-11
Тау шаңғысы спорты	8-9	10-11	9-10	10-11
Академиялық есу	10-11	12-13	10-11	13-14
Шаңғы спорты (жүгіру)	10-11	12-13	10-11	13-14
Жеңіл атлетика	10-12	13-14	10-11	12-13
Жүзу	7-8	8-10	9-10	10-11
Суға секіру	7-8	9-10	9-10	10-11
Ауыр атлетика	13-14	14-15	13-14	14-15
Конькимен мәнерлеп сырғ.	7-8	9-10	9-10	10-11
Шайбалы хоккей	10-11	12-13	10-11	12-13

Барлық оқушылар үшін міндетті болып табылатын дене тәрбиесінің негізгі формасы бұл дене тәрбиесі сабақтары. Ол мүмкіндігінше арасына 1-2 күн салып, аптасына (45 минуттен) 3 рет өткізіледі. Сабақтарды қосарлау, қажетті жағдайда тек шаңғы дайындығында ғана болады.

Дене шынықтыру-сауықтыру шаралары сабаққа дейінгі күн сайын өткізілетін гимнастикадан, сабақ кезіндегі дене шынықтыру үзілістерінен, үлкен үзілістердегі қозғалыс ойындары мен дене жаттығуларынан тұрады.

Сабаққа дейінгі гимнастика сабақта оқушылардың жұмыс қабілеттілігін арттыру үшін өткізіледі. Гимнастиканың негізі иық белдеуінің (қолдар мен бастың қозғалыстары), арқаның, іштің (алға, артқа және жанға еңкею), аяқтың (отыру, секіру) еттері секілді әр түрлі ет топтары үшін дене жаттығуларының жиынтығынан тұрады. Қозғалыстың күрделі үйлесімділігін талап ететін жаттығулар кешеніне күшті қажет ететін жүктемелерді енгізудің қажеттігі жоқ. Ашық ауада өткізілетін гимнастикалық жаттығулар ағзаны шынықтырып, салқыннан болатын сырқаттарға оның қарсылығын арттырады [5].

Ауа райы қолайсыз (жаңбыр, салқындық) жағдайда гимнастиканы (жаттығуларды) сынып белмесінде емес, желдетілген дәлізде т.б. кеңдеу орындарда өткізу керек. Оның ұзақтығы 6-7 минуттен аспайды.

Дене шынықтыру үзілісінің (сергектік минутының) ұзақтығын сабақты өткізетін мұғалім анықтайды. Оның тапсырмасы бойынша сынып кезекшісі терезені немесе оның желдеткішін ашады, оқушылар сабақты тоқтатып, партада отырып, не оның жанында тұрып жаттығуды жасай бастайды. Дене шынықтыру үзілісінің әрбір кешені әлбетте, әрқайсысы 4-рет қайталанатын 4-5 жаттығудан тұрады. Кешенге күрделі емес жаттығулар, онда да сабақтың сипатын есепке ала отырып, енгізіледі. Мысалы жазу жұмысынан кейін дене шынықтыру үзілісіне саусақтарды белсенді түрде бүгіп, жазатын қимылдарды, қолды және қолдың басын еркін қағып-сілкілейтін қозғалыстарды, мұрын арқылы терең дем ала еңкею мен жартылай еңкеюді, тұрған қалыпта аяқ еттері үшін жаттығулар мен орнында жүруді енгізеді.

Үлкен үзілістердегі қозғалыс ойындары оқушылар қажуының алдын алудың, оқу күні ішінде жұмыс қабілеттілігінің жоғары деңгейін сақтаудың жақсы құралы.

Ойынның түрін, орындалу екіпін мен ұзақтығын оқушылардың өздері тандауы тиіс. Алайда, жоғарылаған дене жүктемелерін, екі жақты ойындарды (футбол, қол добы, баскетбол) пайдалануға болмайды. Олар адамды шамадан тыс қоздырады, ойыннан кейін оқу қызметіне кірісу қиынға соқпақ. Төмен және орташа қарқындылықтағы қозғалыс ойындарын келесі сабақ басталғанға дейін 5-6 минут қалғанда аяқтау қажет.

Үлкен үзілістердегі қозғалыс ойындары мен дене жаттығуларын табысты өткізу кеп жағдайда спорттық жабдықтардың (доптар, секіртпелер, шығыршықтар, батпандар, жалаушылар, эстафеталық таяқшалар және басқалар) қаншалықты бар, не жоқтығына және жаттығу өткізетін орынның дайындығына байланысты.

Сыныптан және мектептен тыс спорт-көпшілік жұмыстарына спорт секцияларындағы сабақтарды ұйымдастыру, сондай-ақ денсаулық және спорт күндерін өткізу енеді. Бұл жұмысты дене тәрбиесінің

мұғалімі жүргізеді, әр түрлі секциялар құрылады, олардағы сабақтар аптасына 2-3 рет әткізіледі, жаттығу сабақтарының әрқайсысының ұзақтығы 1,5-2 сағат.

ҚР-сы Үкіметінің «Дене тәрбиесі мен спорттың бұқаралығын одан әрі арттыру туралы» қаулыларына сәйкес жалпы білім беретін барлық мектептерде ай сайын денсаулық және спорт күндері өткізіледі. Бұл шаралар денсаулықты нығайтуға, Президент сынамалары нормаларын тапсыруға жақсы дайындалуға көмектеседі, оқушылардың белсенді демалуын қамтамасыз етеді және дене тәрбиесімен айналысуға олардың қызығушылығын арттырады [6].

Денсаулық және спорт күндерінің бағдарламасына жаяу серуендеу, қозғалыс және спорттық ойындар, туристік жорықтар (жаяу, шаңғы және т.с.с), «Үміт сөресі» бағдарламасы бойынша бұқаралық жарыстар, Президент сынамаларының нормаларын тапсыру, икемділік пен күш көрсетуден жарыстар, шаңғымен шанамен, конькимен сырғанау енуі мүмкін. Осы спорттық жарыстардың ұзақтығы белгіленген нормадан аспауы керек.

Мектептен тыс спорт-көпшілік жұмыстарды бұқаралық спорттық ұйымдар мектеп және ата-аналармен тұрақты өзара жұмыс жасай отырып ұйымдастырады. Оған балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің (БЖСМ), сауықтыру лагерлерінің, балалар туристік станцияларының, «Жастар» спорт қоғамының, су станцияларының, оқушылар үйлері мен сарайларының, мәдениет пен демалыс парктерінің, сондай-ақ түрліше спорт клубтарының қызметі енеді. Соңғысы балалар арасында бұқаралық ойындарды, аула және көше командаларының жарыстары мен спорттық көңіл көтерулерді ұйымдастырады [7].

Денсаулық жағдайында ауытқушылығы бар балалар, әсіресе оқу күнінің дұрыс режиміне, оның ішінде дене шынықтыру-сауықтыру шараларына мұқтаж болады. Бұл оқушыларға дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстарға (бұқаралық дене шынықтыру мейрамдары, серуендер, экскурсиялар) шамасы жеткенше қатысқаны ете пайдалы.

Олар үшін күн сайын таза ауада 2-2,25 сағат демалудың үлкен маңызы бар. Демалыс күндердегі серуеннің ұзақтығы екі есе кедейтілуі тиіс. Мұндай қозғалыс режимі өзін-өзі сезінуге, дене дамуына және денсаулығы нашар оқушылардың жұмыс қабілетіне жағымды әсер етеді.

Бастауыш сыныптағы дене тәрбиесі кейбір ерекшеліктерге ие. Бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесі бағдарламасындағы жалпы міндеттерді шешу, дене дайындығы қарастырылады. Оның мақсаты бастауыш сынып оқушыларында тандап алған спорт түрі үшін ерекше маңызды дене қасиеттерін тәрбиелеу; жанама-қолданбалы қозғалыс дағдыларын қалыптастырып, жетілдіру; әр түрлі кәсіби-өндірістік жағдайлардың әсеріне ағзаның тұрақтылығын арттыру. Бастауыш сыныптағы дене тәрбиесінің әртүрлі формалары сабақ үдерісінде пайдаланады, бірақ олардың мазмұнында көп жағдайда бір-бірінен айырмашылықтар бар.

Таңертеңгілік гигиеналық гимнастика жалпы дамытатын және кәсіби-қолданбалы сипаттағы дене жаттығуларынан тұрады. Ол үй жағдайында өткізіледі, жатаханада жақсы желдетілген бөлмеде, ал мүмкіндік болса таза ауада өткізген қолайлы. Жаттығу ұзақтығы 20-30 минут, оның ішінде кәсіби-қолданбалы дене дайындығына 5-7 минут бөлінеді. Дене жаттығуларының кешенін оқушының болашақ мамандығының ерекшеліктерін есептей отырып дене тәрбиесінің оқытушысы жасайды. Жатаханаларда гимнастиканы қоғамдық нұсқаушылар өткізеді.

Кіріспе гимнастика сабақта және сабақтың алдында өткізіледі. Жаттығу дәліздерде, тынығатын және оқу бөлмелерінде, таза ауада ұйымдастырылады. Жаттығу кешені 10-12 минутке есептеледі. Жалпы дамытатын және жалпы нығайтатын жаттығулармен бірге, оларға жұмыс кезінде негізгі ауырлық түсетін еттер үшін 3-5 ар-найы жаттығулар қосылады. Дене тәрбиесі және спортпен күн сайын шұғылдану жасөспірімге немесе қыз балаға өз денсаулығын нығайтуға, ауырмауына, өнімді еңбек етуіне, бос уақытын түрлендіре, қызғылықты өткізуіне көмектеседі.

Қозғалыс қимылдарына үйрету ерекшеліктері. Қандай да болсын дене жаттығуларын және жаттығулардың кез келген тобын үйрету төмендегідей ерекшеліктермен сипатталады.

1. Оқушылардың белсенді қозғалыс қызметі - оқу материалын меңгерудің қажетті шарты. Баланың дене жаттығуларын үйренуі өзінде бар психикалық және дене күшін жұмсауды талап ететін оқу-еңбек қызметі.

Жұмысқа қабілеттілік бірнеше факторларға: тұқым қуалаушылық, өмірде жинақталған және нақты жағдайларға бейімделу қызметінің тәсілдеріне байланысты. Олар көбірек дамыған сайын адам жоғары жұмыс қабілеттілігін көрсете алады. Жай уақытта адам өзінің жалпы жұмыс қабілеттілігінің белгілі бір бөлігін ғана пайдаланылады. «Қор» деп аталатын басқа белгі ең жоғары талаптар қоятын жағдайларда ғана іске қосылуы мүмкін. Кездейсоқ жағдай жұмыс қабілеттілігі қорын көрсетуді арттырып қана қоймай, адам қабілеттілігін ең жоғары деңгейде дамытады. Өз кезегінде мұндай қабілеттілікті дамыту әр түрлі жағдайларға байланысты. Қимылды үйретуге қолданылатын қолайлы жағдайлар үйрету әдісін жетілдіргенде көрінеді.

2. Қозғалыс дағдылары жүйесін қалыптастыру. Тек қана қимыл жүйесі оқушының дене дайындығының сипатын анықтайды. Бірақ жүйелер түрлерінің көп болуы нәтижесінде олар дене тәрбиесінің бағытына және оның нақты міндеттеріне байланысты іріктеліп алынуы қажет [8].

Бұл жүйелерді анықтау тәсілдері бір не өзге қимылдарды пайдаланудың көп жылдық тәжірибесімен, олардың теориялық және тәжірибелік негізіне сүйенеді. Мысалы, мектеп бағдарламасы үшін дене жаттығулары жүйесін жасауда қолданбалылық қағидасына сүйене отырып, емірлік тәжірибемен ең тығыз байланыста болған қимылдар ғана іріктеліп алынады. Ол жүйе тәжірибеде ыңғайлы болуы үшін бірін-бірі қайталайтын қимылдар немесе екінші кезектегі қимылдар қолданылмайды.

3. Қозғалыс қимылдарына үйрету дене мүмкіндіктерін қалыптастырумен өзара байланысты. Екі процестің өзара шарттылығы үш бағытта көрінеді: кейбір қозғалыс қимылдарына үйретуді дене мүмкіндіктерінің тиісті деңгейінсіз жүзеге асыру мүмкін емес (мысалы, өрмелеуге үйрету қолдың жеткілікті жоғары күш-қуатын талап етеді); қозғалыс дағдыларының қалыптасуы дене мүшелерінің тиісті деңгейінің бір мезгілде артуымен қоса жүреді (мысалы, кіші допты лақтыруға үйрету күш, шапшаңдық мүмкіндігінің өсуімен қоса жүреді); қалыптасқан дағдының нәтижелілігі арнайы мүмкіндіктердің деңгейіне байланысты (мысалы, қысқа қашықтыққа жүгіруге үйреткенде шапшаңдық мүмкіндіктері дамытылады, бірақ олардың дамуы күш пен шыдамдылықтың қолайлы деңгейі жағдайында тиімді болады).

4. Қимылға үйрету нәтижелілігі дене туралы білімнің қол жеткен деңгейімен ғана емес, дене дамуының жинақталған деңгейімен де анықталады. Білім жүйелерін және қимылды меңгерудің дұрыс ұйымдастырылған педагогикалық жұмыстары дененің даму көрсеткішінің артуымен де қоса жүруі керек [9].

1 Матвеев Л.П. *Общая теория спорта. Учебная книга для завершающих уровней высшего физического образования.* – М.: Воениздат, 1997. – 264-279б.

2 Озолин Н.Г. *Современная система спортивной тренировки* – М.: ФиС, 1970 – 478б.

3 Бозжанова К.Б. *Бала туралы сөз етсек.* – Алматы: Мектеп, -1971, -71б.

4 Каражанов Б.К. *Основные понятия теории и методики физической культуры и спорта.* – Алма-Ата КазИФК, 1991.

5 Вайцеховский С.М. *Книга тренера.* – М.: ФиС., 1971.

6 Ахметова Ш. *Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі дәстүрі.* – Алматы: Мектеп, 1966, -25 б.

7 Ашмарин Б.А. *Теория и методика физического воспитания.* – М.: ИП, 1990. – 287с.

8 Коробейников Н.К., Михеев А.А., Николенко И.Г. *Физическое воспитание: Учеб. Пособие.* – М.: Высш. шк., 1989, -384 с.

9 Воробьев А.Н. *тренировка работоспособность реабилитация.* – М.: Физкультура и спорт, 1989, -272 с.

Резюме

Ахметова Э.К. – к.п.н., КазНПУ им.Абая институт PhD докторантуры и магистратуры,
Ерназаров С.Х. – магистрант 2-курса специальности физическая культура и спорт, КазНПУ им.Абая институт
PhD докторантуры и магистратуры.

«Активная подвижность – начало физических воспитания учащихся младших школьников»

В этой статье, начальная школа физического воспитания воздействует физической активности. Другими словами, являются неотъемлемой активности человеческого фактора в движении, только лучшее и только приемлемые формы будет иметь большее влияние на здоровье организма. Основной упражнение повторяется много сложных движений. Теперь вы используете много основных упражнений движения изменения в подготовке, что делается в организме, которая включает в себя процессы, которые влияют на человека упражнения. Это разнообразные сложные психологические, физиологические, биохимические, педагогической точки зрения считаются. Специальная физическая подготовка для выполнения обязанностей движения человека является то, что основные упражнения движения. Все жесты направлены не только на решение проблемы образования, в арбитражном педагогических движений упоминается только в качестве основных упражнений движения. Движения рабочей силы в материалы для производства ценных веществ, подлежат юрисдикционной отрасли.

Ключевые слова: деятельность, оздоровительный, гипокенезия, гимнастика, движение, скорость

Summary

E.K.Akhmetova - Ph.D., Named after Abai Kazakh National Pedagogical Institute PhD doctoral and graduate
S.H.Yernazarov - 2-course undergraduate specializing in physical culture and sport, Named after Abai Kazakh National
Pedagogical Institute PhD doctoral and graduate

«Active mobility-getting physical education students younger school children»

In this article, primary school physical education affects physical activity. In other words, are an integral activity of the human factor in the movement, only the best and only acceptable forms will have a greater impact on the health of the body. The main exercise is repeated many complex movements. Now you're using a lot of major changes in the exercise movement

training, which is done in the body, which includes the processes that affect a person exercises. This variety of complex psychological, physiological, biochemical, pedagogical point of view are considered. Special physical training to perform the duties of human movement is that the basic exercises movement. All gestures are directed not only to solve the problems of education, pedagogical movements in the arbitration is mentioned only as a major motion exercises. Movement of labor in the materials for the production of valuable substances, are subject to jurisdictional industry.

Keywords: activity, wellness, hyperkinesias, gymnastics, movement, speed.

УДК: 002.6:37.01

ОБЪЕКТИЛІ-БАҒЫТТАЛҒАН ПРОГРАММАЛАУ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕТУДІ МОБИЛЬДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ АРТТЫРУМҮМКІНДІКТЕРІ

Б.Ғ.Бостанов, Э.Т.Садақбаева –*Абай атындағы ҚазҰПУ*

Информатика ең бір серпінді дамып және жаңарып отыратыноқу пәндерінің бірі болып табылады. Сондықтан да бұл пәннің барлық бөлімдерін меңгеру заманауи компьютерлік ғылым өнімдеріне сәйкес болуы қажет. Бүгінде информатика курсына объектілі-бағытталған программалау тілдерін оқыту барысында әдетте дәстүрлі оқыту әдістері қолданылады. Бірақ, қазіргі ақпараттық технологиялар күн сайын қарқынды дамып жатқан білімді ақпараттандыру заманында қосымша жаңа оқыту түрлері мен әдістерін қолдану, яғни ашықтан оқыту және мобильді оқыту секілді заманауи технологияларды оқу үрдісіне енгізу қажеттілік туғызуда. Осылайша, жоғары технологиялы мобильдік құрылғыларды пайдаланып, оқыту сапасын жетілдіру мүмкіндігі артуда. Берілген мақалада информатика курсына объектілі-бағытталған программалау тілдерін үйретуді мобильді оқыту арқылы арттырудың негізгі бағыттары мен мүмкіндіктері қарастырылған.

Тірек сөздер: Мобильді оқыту, оқыту әдістері мен құралдары, объектілі-бағытталған программалау тілдері

«Мобильді оқыту» (*m-learning*) термині ағылшын педагогикалық әдебиетінде 10 жыл бұрын пайда болған, соңғы уақыттарда бұл термин біздің мемлекетте де қолданыла бастады. Көптеген ғалымдар мен педагогтардың ойынша, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы оқытудың болашағы мобильді байланыс құралдарының таралуымен, смартфондар мен айфондардың танымалдығымен және көптеген оқыту қосымшалары мен бағдарламалардың, сонымен қатар білім берудің мүмкіндіктері мен сапасын ұлғайтатындығымен интерфейсі секілді жаңа технологиялардың пайда болуымен, мобильді байланыспен Интернетке сымсыз қосылу қызметінің арзандауымен байланысты және соған тәуелді [1].

Мобильді оқытудың негізгі артықшылығы бізге жақсы таныс және сөзсіз ыңғайлы смартфон, планшет және басқа портативті қалта компьютерлері секілді құрылғылардың қолданылуы болып табылады. Мобильді оқыту – бұл өзіңмен бірге алып жүруге, кез келген жерде, кез келген уақытта қолдануға болатын оқыту түрі. Яғни, сіз білім алу үшін жұмыс орнына немесе стационарлы компьютерге тәуелді емессіз. Мобильді оқыту кезінде оқытушы мен оқушы арасындағы байланыс та мобильді құрылғы арқылы жүзеге асады. Дәстүрлі оқыту түріне қарағанда, мобильді технологияларды қолдану арқылы Интернетке қосылу мүмкіндігі бар кез келген жерде жүріп-ақ бір уақытта бірнеше курстарды оқуға болады. Бұл оқыту түрінің кеңінен таралуы, бірінші кезекте мобильдік технологиялардың жетілдірілуімен және смартфондар мен планшет бағаларының қолжетімділігіне байланысты. mLearning ақпаратты кез келген уақытта алуға мүмкіндік береді.

WiFi, 3G, 4G секілді сымсыз байланыс технологияларының және Интернет желісіндегі интерактивті оқыту курстары, білім беру сайттары мен электронды оқулықтар санының дамуына байланысты оқытудың смарт-технологияларын құру мен жетілдіруге деген қоғам сұраныстары да артып келеді. Ал мобильді оқытудың түрлері мен әдістері оқу үрдісін программалық қамтамасыздандыруды қажет етеді, сондықтан да білім берудің электронды ресурстарын құру маңызды тапсырмалардың бірі болып табылады. Құрылатын электронды білім беру ресурстарының оқу үрдісіне қажеттілігі болуы керек және дербес компьютерге де, заманауи мобильді құрылғыларға да бейімделуі тиіс.

Болашақта оқу материалдарының барлығы мобильді түрде таратылуы мүмкін. Ал қазіргі кезде мобильді оқытуды қолданыстағы оқыту тәсілдерімен қатар ендірудің көптеген мүмкіндіктері бар. Мобильді технологиялар көмегімен объектілі-бағытталған программалау (ОБП) тілдері секілді пәндерді оқыту үшін электронды оқу ресурстарын қолдану пайдаланушыларға қосымша аппаратты-программалық құралдар мен мамандарды тарту қажетінсіз зор мүмкіндіктер береді.

Қазіргі кезде программмалауда екі әдіс басым: құрылымдық программалау және оның логикалық өрісі - объектілі-бағытталған программалау. ОБП-дың пайда болу себебі программалар қиындығының өсуі, класс пен объект секілді құрылымдар және қасиет, әдіс пен оқиғалар секілді элементтер құру қажеттілігінің

туындауы болып табылады. Сондықтан да объектілі-бағытталған программалау және объектілі-бағытталған программалау технологиясы жоғары оқу орындары мен мектептердің оқу бағдарламасының ажырамас бөлігіне айналды [3]. Бұл программалау тілін өздігінен оқып, тәжірибелік дағдыларын меңгеруді қалаған барлық пайдаланушылар қолдануына болатын мобильді құрылғыларға арналған электронды оқу ресурстарын құрудың негізгі себебі болып табылады. Объектілі-бағытталған программалау электронды білім беру кешендері негізінен екі бөлімнен тұруы мүмкін:

Теориялық негіздері, анықтамасы мен түсініктемелері;

Объектілі-бағытталған программалауды қолдану мысалдары.

Кешеннің негізгі мақсаты объектілі-бағытталған программалау түсініктемелерін меңгеру, сонымен қатар оқушыны тілдің негізгі құрылымымен және ОБП мысалдары арқылы білімді жүзеге асыру мүмкіндіктерімен таныстыру болып табылады.

Объектілі-бағытталған программалауды оқыту үрдісінде келесі білім беру міндеттері жүзеге асырылады:

ОБП түсінігінің қалыптасуы;

ОБП қағидаларын үйрету;

Объектілі-бағытталған жобалауды үйрету [2].

Қойылған міндеттерді шешу үшін заманауи оқыту ресурстарын құруға болатын кез келген қолжетімді құралдар қолданылуы мүмкін. Мысалы, осындай құралдардың бірі – Moodle, ол жеке онлайн-курстармен қатар, білім беру веб-сайттарын құруға арналған орта. Оқытушылар электронды оқу модульдері негізінде оқу курстарын жасауға, жасаған оқу курстарын қолдану арқылы білім беру қызметін жүргізуге, басқа пайдаланушылармен оқу курстары және білім беру ресурстарымен электронды түрде алмасуға мүмкіндіктері бар. Жобаның негізінде әлеуметтік конструктивизм мен оны білім беруде қолдану теориясы жатыр. Бұл өзінің функционалдық мүмкіндіктері және меңгеру қарапайымдылығы мен қолдану ыңғайлылығымен пайдаланушылардың электронды оқыту жүйелеріне қатысты талаптарын қанағаттандыратын тегін таратылатын программалық кешен [3].

Объектілі-бағытталған программалау тілдері бойынша құрастырылатын курста оның мазмұны белгілі бір тақырыптар бойынша бөлінеді. Әр тақырып мазмұны теориялық негіздер мен қойылатын тапсырма алгоритмдерінің мысалдарынан тұрады. Оқушыға ұялы телефон шағындыспейіне шығарылатын қажетті тақырыпты таңдау жеткілікті. Курсты кез келген оқушы кез келген уақытта пайдалана алады, яғни ұялы телефон қолдану арқылы бірден курстың мазмұнымен жұмыс істей беруіне болады.

Білім беру саласында блог, әлеуметтік желі сияқты әлеуметтік программалық қамтамалар түрлеріне деген қызуғушылық пен олардың танымалдығы күн санап өсіп келеді. Сонымен қатар, мобильді құрылғылар байланыстың келесі түрлерін қамтамасыз етеді: дыбыстық хабарлама, SMS, электронды пошта, бейнебайланыс, әлеуметтік желілер (Twitter, Facebook және т.б.), яғни олар жазуға, көрсетуге және айтып түсіндіруге мүмкіндік береді. Арнайы қосымшалар оқушыға интерактивті режимде жұмыс істеуін, курстың электронды ресурсы бойынша навигация қарапайымдылығы мен жеңілдігін қамтамасыз етеді. Білім беру ресурсында келесі мүмкіндіктер жүзеге асырылады:

материалға парақтық қолжетімділік – бұл оқу құралдарын дәстүрлі қолдану түріне ең жақын әдіс, қажетті пәннен білім алу барысында оқу материалдарының көрсетілу жүйелігінің маңыздылығы орын алатын барлық жағдайларда қолданылады, мұндағы мәтін бойынша жылжыту барлық байланысқан элементтер демонстрациясы арқылы жүзеге асырылады;

- оқу материалына бөлім, тақырып және бөлімшелер бойынша қол жеткізу мүмкіндігі – курстың жалпы логикасын толық түсіну үшін маңызды, ақпаратты қайта қарау және анықтамаларды қолдану барысында жиі қолданылады;

- кілттік сөз, сөйлем, жол арқылы іздеу – қажет түсініктемелер бойынша керекті мәліметтерді тез табу мүмкіндігін береді [4].

Мәселен, мобильді құрылғылар арқылы оқытуға арналып құрастырылатын Visual Basic объектілі-бағытталған программалау тілін оқыту құралы келесі мазмұн бойынша құрылады: Visual Basic программалау тілі туралы, оның элементтері, айнымалылар, операторлар, процедура мен функциялар [5]. Осы мазмұн бойынша әр тақырып мысалдарымен қоса жеке-жеке қарастырылады. Әр тақырып, тақырыпшаларға көрсетілетін сілтемелер арқылы ақпаратты қайта қарау, анықтамаларды қолдану ерекшелігі әр оқушының Visual Basic тілін терең, әрі толық меңгеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әлеуметтік желі арқылы кез-келген уақытта оқытушымен, достар немесе әріптестерімен байланысу оқушыға қиындық туындаған сәтте көмек алу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

Қорыта келгенде, объектілі-бағытталған программалау тілдерін оқу барысында мобильді

құрылғыларды қолдану оқу үрдісін тиімді етуге, пәнді жылдам меңгеруге, сонымен қатар оқуға деген қызығушылықтарын жоғалтқан оқушыларды тартуға мүмкіндік береді. Және де мобильдік құрылғылардың өте қымбат болмауына байланысты экономикалық тұрғыдан да тиімді болып келеді. Смартфон арқылы алған білімі бойынша тестілеуден өту мүмкіндігі білім деңгейін бақылауға және пайдаланушылардың өз уақытын тиімді қолдануын қамтамасыз етеді.

1 Титова С.В. Мобильное обучение сегодня: стратегии и перспективы / Титова С.В. [Электронды ресурс] // Вестник Московского государственного университета – 2012. – <http://titova.ffl.msu.ru/articles/Mobile-learning-today-strategies-and-perspectives.doc>.

2 Петров А.Н. Основные подходы к обучению студентов объектно-ориентированному программированию и проектированию / Петров А.Н. [Электронды ресурс] // Научный журнал «Фундаментальные исследования». – 2008. – №4 – http://www.rae.ru/fs/?section=content&op=show_article&article_id=7780826.

3 Оналкан А. К. Формирование представления об объектно-ориентированном программировании / Оналкан А.К. [Электронды ресурс] // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева – Астана, 2012. – <http://enu.kz/repository/repository2012/136.pdf>.

4 Афзалова А. Н. Использование мобильных технологий для организации самостоятельной работы студентов / Афзалова А.Н. [Электронды ресурс] // Журнал «Образовательные технологии и общество» - 2012.- №4.

5 <http://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-mobilnyh-tehnologiy-dlya-organizatsii-samostoyatelnoy-raboty-studentov>.

6 Батищев П.С. Основы программирования на Visual Basic 6.0. Электронный учебник / Батищев П.С. [Электронды ресурс] // <http://psbatishev.narod.ru/vb/v000.htm>.

Резюме

Бостанов Бектас Ганиевич – к.п.н., преподаватель кафедры информатики и информатизаций образования, Институт математики, физики и информатики, КазНПУ имени Абая, г. Алматы,
Садакбаева Эльвира Турарбековна – магистрант 2-го курса, Институт математики, физики и информатики, КазНПУ имени Абая, г. Алматы

«Возможности повышения изучения языков объектно-ориентированного программирования с помощью мобильного обучения»

Информатика является одной из самых динамично изменяющихся и обновляющихся учебных дисциплин. Изучение всех разделов информатики должна соответствовать современным разработкам компьютерных наук. На сегодняшний день, в процессе обучения объектно-ориентированному программированию на курсе информатики преимущественно используются традиционные формы обучения, но в современном мире, когда информационные технологии каждый день стремительно развиваются, есть необходимость внедрения в учебный процесс дополнительных методов и форм обучения, таких как дистанционное и мобильное обучение. И таким образом, увеличивается возможность совершенствования качества обучения с помощью высокотехнологичных мобильных устройств. В статье рассмотрены основные направления и возможности мобильного обучения языкам объектно-ориентированного программирования на курсе информатики.

Ключевые слова: Мобильное обучение, методы и средства обучения, объектно-ориентировочное программирование

Summary

BostanovBektasGanievitch – candidate of pedagogical sciences,
Lecturer Department of Computer Science and informatization of education,
Institute of Mathematics, Physics and Informatics, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty,
Sadakbayeva Elvira Turarbekovna – second course master student, Institute of Mathematics, Physics and Informatics, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty

«The possibility of increasing study of languages object-oriented programming with a mobile learning»

Information technology is one of the most dynamically modify and update academic disciplines. The study of all sections of informatics must comply with modern developments in computer science. Nowadays, in the process of learning object-oriented programming traditional forms of learning are mainly used, but in today's world where information technologies are rapidly developing every day, there is the need to introduce in the educational process of additional methods and forms of learning, such as remote and mobile learning. And thus, increases the possibility of improving the quality of education with the help of high-tech mobile devices. The article considers the main directions and possibilities of mobile learning languages of object-oriented programming course of computer science.

Keywords: Mobile learning, teaching methods and tools, object- oriented programming

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА РОДИТЕЛЕЙ КАК ВАЖНЕЙШИЙ КОМПОНЕНТ В СТРУКТУРЕ СЕМЕЙНОГО ВОСПИТАНИЯ

А.С. Тотанова – к.п.н., профессор КазНПУ имени Абая

Многие ошибки и просчеты, допускаемые родителями в процессе воспитания и развития ребенка, являются следствием воспитания детей родителями с низким уровнем педагогической культуры, которая проявляется в безответственном отношении к выполнению своих воспитательных функций, сильной мотивационной ограниченности в решении проблем семейного воспитания, неготовности и нежеланием менять сложившиеся стереотипы воспитания. Педагогическая культура родителей является важнейшим компонентом в структуре семейного воспитания. Семья для ребенка является одновременно и средой обитания, и воспитательной средой. Целью семейного воспитания является формирование таких качеств личности, которые помогут достойно преодолеть трудности и преграды, встречающиеся на жизненном пути. Педагогическая культура родителей благотворно влияет на весь уклад семейной жизни, помогает избежать ошибок в воспитании детей, находить верные решения в нестандартных ситуациях. Педагогическая культура родителей служит основой собственно воспитательной деятельности отца и матери, помогает им избегать традиционных ошибок в семейном воспитании и находить верные решения в нестандартных ситуациях.

Ключевые слова: семья, родители, ребенок, родительство, процесс воспитание, семейное воспитание, воспитательная среда, педагогическая культура родителей, компоненты и уровни педагогической культуры родителей

Современный ритм жизни, увеличение количества неполных, конфликтных семей, занятость родителей, которые зачастую не способны создать благоприятные условия для эффективного воспитания ребенка, приводят к обострению различных проблем. Кризис семьи в современном обществе становится все заметнее, а пути выхода из него пока не видны. Кризис выражается в том, что семья все хуже реализует свою главную функцию – воспитание детей. Ошибки и просчеты, допускаемые родителями в процессе воспитания и развития ребенка, могут оказаться невосполнимыми и проявляться позднее в асоциальном поведении ребенка, в трудностях его адаптации к жизни в обществе, в различных отклонениях психического и личностного развития.

Многие проблемы часто являются следствием воспитания детей родителями с низким уровнем педагогической культуры, которая проявляется в безответственном отношении к выполнению своих воспитательных функций, сильной мотивационной ограниченности в решении проблем семейного воспитания, неготовности и нежеланием менять сложившиеся стереотипы воспитания. Это проявляется в формализации контактов родителей с ребенком, исчезновении совместных форм деятельности, в дефиците теплоты и внимательного отношения друг к другу, что часто приводит к формированию у ребенка неадекватной самооценки, неуверенности в своих силах, отрицательных форм самоутверждения, а в крайних случаях выражается в педагогической запущенности и задержках психического развития. Из вышесказанного следует, что формирование педагогической культуры родителей является одной из важнейших задач современного общества.

Педагогическая культура родителей является важнейшим компонентом в структуре семейного воспитания. Семья для ребенка является одновременно и средой обитания, и воспитательной средой. В жизни каждого человека семья занимает особое место. В семье растет ребенок, и с первых лет своей жизни он усваивает нормы общежития, нормы человеческих отношений, впитывая из семьи и добро, и зло, все, чем характерна его семья. Став взрослым, дети повторяют в своей семье все то, что было в семье его родителей. Семья рассматривается как самая малая ячейка общества, как социальная среда. От состояния семьи зависит состояние государства. В семье родители и дети связаны духовной общностью. Осуществляя социальную функцию, семья формирует личность в зависимости от ее культурного, социального и духовного уровня. Социализация личности в семье зависит от отношений внутри семьи, авторитета и власти родителей [1;2].

Целью семейного воспитания является формирование таких качеств личности, которые помогут достойно преодолеть трудности и преграды, встречающиеся на жизненном пути. Развитие интеллекта и творческих способностей, первичного опыта трудовой деятельности, нравственное и эстетическое формирование, эмоциональная культура и физическое здоровье детей, их счастье – все это зависит от семьи, от родителей, и все это составляет задачи семейного воспитания. Семейному воспитанию присущи такие методы, как личный пример, обсуждение, доверие, показ, любовь, сопереживание, возвышение личности, контроль, юмор, поручение, традиции, похвала, сочувствие и т.д. Отбор идет сугубо

индивидуально с учетом конкретных ситуационных условий. Для семейного воспитания характерны следующие особенности: органическая связь с жизнедеятельностью ребенка; непрерывность и длительность воздействия; многократность и противоречивость воспитательного воздействия; интимность, естественность, многогранность и непосредственность общения на основе чувства родства, любви, доверия, взаимной ответственности; относительная замкнутость; общение и взаимодействие людей разного возраста с разными интересами и профессиональной деятельностью; взаимная направленность формирующих воздействий [3;4].

Г.М. Коджаспирова выделяет целый ряд условий семейного воспитания: семейный быт, уклад; семейные традиции; семейные отношения, эмоциональный климат семьи; общение и совместная деятельность; понимание и принятие ребенка, чувство долга и ответственности за воспитание детей; педагогическая культура родителей; авторитет родителей; организация жизненного пространства ребенка. В понятие педагогической культуры родителей по ее мнению входят умение анализировать, планировать, организовывать воспитательную деятельность, владение основами психолого-педагогической грамотности [5]. В современной научной литературе под педагогической культурой понимают такой уровень педагогической подготовленности родителей, который отражает степень их зрелости как воспитателей и проявляется в процессе семейного и общественного воспитания детей. Важным компонентом педагогической культуры родителей является их сугубо педагогическая подготовленность: определенная сумма психолого-педагогических, физиолого-гигиенических и правовых знаний, а также выработанные в процессе практики навыки по воспитанию детей [7]. Педагогическая культура родителей благотворно влияет на весь уклад семейной жизни, помогает избежать ошибок в воспитании детей, находить верные решения в нестандартных ситуациях. Педагогическая культура родителей служит основой собственно воспитательной деятельности отца и матери, помогает им избегать традиционных ошибок в семейном воспитании и находить верные решения в нестандартных ситуациях. От уровня педагогической культуры родителей зависит успешность и результативность домашнего воспитания детей.

Истоки педагогической культуры семьи лежат в глубинах народной педагогики. Педагогическая культура в семье развивается за счет традиций, норм и правил, устоявшихся в народной педагогике. Семья выступает главным носителем и хранителем национальных традиций и стереотипов поведения. Она же главный агент их передачи, т.е. основное звено в механизме трансляции социального опыта. Основные критерии для выделения того или иного типа педагогической культуры семьи включают в себя три показателя: социально-педагогический (осознание того, что субъектом воспитания выступает каждый человек); аксиологический (отношение к знаниям как к ценности); дидактический (принципы воспитания, например, принуждение ребенка или умение заинтересовать его). По широте воздействия на воспитуемого семье нет равных, только она формирует человека во всех без исключения сферах его жизни. Поэтому педагогическая культура семьи является тем фактором, который в конечном итоге определяет педагогическую культуру и всего общества. Родители, не владея в достаточной мере знанием возрастных и индивидуальных особенностей развития ребенка, порой осуществляют воспитание вслепую, интуитивно. Все это, как правило, не приносит позитивных результатов.

Педагогическая культура родителей включает в себя четыре относительно самостоятельных компонента. Родители должны обладать знаниями по социологии, психологии, физиологии детей. Перефразируя слова К.Д. Ушинского о педагогике, можно сказать, если родители хотят воспитать ребенка «во всех отношениях», они прежде должны узнать его «во всех отношениях». Кроме того, нужны также знания о целях, средствах, способах и результатах педагогической деятельности, осуществляемой в семье и других институтах воспитания, условиях ее эффективности. Отсутствие у родителей знаний приводит к тому, что воспитание в семье осуществляется вслепую, а это рано или поздно, но обязательно сказывается и на развитии ребенка, и на уровне его воспитанности. Наряду с теоретическими знаниями о том, какими методами следует действовать, чтобы достичь поставленной цели, родители должны обладать и соответствующими умениями, которые позволяют эти методы применить. В постоянно и быстро меняющемся мире воспитание ребенка в семье может быть успешным лишь в том случае, если родители умеют творчески использовать имеющиеся у них знания и умения, то есть если материнство и отцовство становится для каждого из них одним из тончайших видов творчества. Кроме того, успешность воспитательной деятельности родителей определяется тем, как они любят детей и что для них значит родительство. Недостаточные знания – это неумение и нежелание учитывать индивидуально-личностные особенности ребенка на разных этапах развития, особенно в подростковом возрасте.

Педагогическая культура родителей – такое личностное образование, которое выражается в

ценностно-целевой направленности родителей на полноценное воспитание и развитие ребенка, способности к рефлексии, самоконтролю, регуляции своего поведения, в творческом владении психолого-педагогическими технологиями, знаниями, гуманистическим стилем взаимодействия с ребенком. И.В. Гребенников под педагогической культурой понимает такой уровень педагогической подготовленности родителей, которая отражает степень их зрелости как воспитателей и проявляется в процессе семейного и общественного воспитания детей. Уровень педагогической культуры зависит от индивидуальных особенностей личности, образования, профессии, богатства жизненного опыта [3]. Он выделяет следующие компоненты педагогической культуры родителей: педагогическая подготовленность родителей, их отношение к воспитательной деятельности и сама эта деятельность; педагогические способности, педагогическое мастерство родителей; умение сочетать родительскую любовь к детям с высокой требовательностью к ним.

О.Л. Зверева, А.Н. Ганичева и Т.В. Кротова указывают на то, что в ряде работ дополняется понятие «педагогическая культура родителей». Первые включает в него способность планировать свою воспитательную деятельность. При этом в педагогическую культуру не входят родительская любовь и стремление обеспечить детей материально, так как эти качества присущи всем родителям и не нуждаются в специальном формировании. Вторые рассматривают педагогическую культуру родителей как качественную характеристику деятельности по воспитанию детей, отражающую степень их готовности как воспитателей, содействующую всестороннему развитию личности. Определяя педагогическую культуру как конкретно-исторический специфический способ сознательного решения стоящих перед семьей задач, совокупность специфических «механизмов» и средств организации воспитательного процесса, авторы подчеркивают роль когнитивного компонента в этом процессе – осознание воспитательных целей и способов их достижения; конкретизирует содержание этих способов как соответствующей суммы психолого-педагогических, этико-педагогических, физиолого-гигиенических и других знаний, необходимых педагогических навыков и умений и педагогического мастерства. Третьи дополняют содержание понятия педагогической культуры такой важной характеристикой, как способность родителей к рефлексии, т.е. способность анализировать собственную воспитательную деятельность, методы воздействия на ребенка, способность обнаруживать допущенные ошибки в воспитании и намечать пути их исправления [7].

В культуре родителей выделяют аксиологический, операционально-деятельностный и информационно-содержательный компоненты. Аксиологический компонент родительской культуры включает всебя два параметра: тип родительского отношения к ребенку, который выражается в проявлении эмоциональной чувствительности в отношении к ребенку (материнской и отцовской любви, уважении и принятии ребенка, оценке его образа «я»), в проявлении чувства ответственности к процессу развития и воспитания ребенка в семье; способность родителей к рефлексии себя, своего собственного поведения и поступков, которая проявляется в определенной степени волевого самоконтроля, саморегулирования в ходе взаимодействия с ребенком, а также отражается в актуализации личностных качеств родителей, реализации творческих сил и способностей родителей в процессе воспитания и развития ребенка в семье. Информационно-содержательный компонент родительской культуры несет информацию о наличии у родителей знаний о: общих закономерностях психического развития детей, наличие объективных представлений о психологических особенностях различных возрастных периодов, понимание родителями позитивного содержания возрастных кризисов и их значения в развитии ребенка; индивидуально-типологических особенностях своего ребенка, знаний сильных и слабых сторон его личности, адекватная их оценка, умение прогнозировать их дальнейшее развитие, умение объективно соотносить свои требования с реальными возможностями и способностями ребенка; целях педагогической деятельности, методах и приемах воспитания, возможных негативных последствиях применения неадекватных методов воспитания (наказания, поощрения, требований), а также знание о путях и способах организации деятельности ребенка, направленной на его всестороннее развитие. Операционально-деятельностный компонент педагогической культуры родителей включает, во-первых, способы и приемы общения родителей с детьми в ходе воспитательного воздействия, а именно методы словесного воздействия (побуждение, убеждение, увещание, принуждение), методы контроля, наглядного показа, поощрения, наказания; во-вторых, стиль взаимодействия с ребенком, который синтезирует в себе весь характер компетентности родителей в вопросах воспитания и развития детей и дает интегральную характеристику определенному уровню психолого-педагогической культуры родителей.

Выделяют три уровня родительской культуры: высокий, средний, низкий. Для родителей с низким

уровнем характерны следующие особенности. В отношении к ребенку такие родители воспринимают его незадачливым, непутевым, плохим; испытывают досаду, злость, раздражение по отношению к нему. Такие родители не в состоянии встать на место ребенка, видеть мир его глазами. Они практически не имеют знаний о законах психического и личностного развития ребенка и часто не желают перестраивать систему отношений с ребенком с целью преодоления негативных проявлений в возрастных кризисах. Такие родители слабо разбираются в сильных и слабых сторонах своего ребенка, а иногда их представления крайне неадекватны действительности, поэтому их требования к ребенку расходятся с его реальными возможностями. Нередко они не имеют представлений о способах и методах организации деятельности ребенка, предоставляя ему развиваться самому по себе. Контактируя с ребенком, родители с низким уровнем психолого-педагогической культуры редко хвалят его, чаще негативно оценивают его деятельность, проявляет неадекватную реакцию на успех ребенка, либо полное безразличие. Очень часто такие родители, взаимодействуя с ребенком, показывают свое неприятие его индивидуальных особенностей, сочетая с жесткими формами наказания, авторитаризмом, либо могут подчеркнуто игнорировать ребенка, порождая у него чувство ненужности, агрессии.

Родители со средним уровнем педагогической культуры постоянно ощущают тревогу за ребенка, стараются оградить его от трудностей и неприятностей жизни, ребенок все время кажется им слабым и незащищенным. Для таких родителей характерно стремление к постоянному самоконтролю, они довольно ответственны, часто внутренне напряжены, им свойственно преобладание утомляемости и озабоченности. Знания закономерностей психического развития, возрастных кризисов у них довольно размыты. Родители имеют не всегда объективные представления о сильных и слабых сторонах личности своего ребенка или видят только сильные, либо слабые стороны его личности, испытывают трудности в прогнозировании дальнейшего развития личности ребенка, не знают каким образом можно организовать деятельность ребенка для его полноценного развития. Родители этой категории либо недооценивают, либо переоценивают реальные возможности ребенка. Одни из них спокойны, другие безразличны, третьи проявляют излишнее волнение и тревогу за успех или неуспех ребенка. Взаимодействуя с ребенком, могут следовать либеральному стилю, предоставляя ребенку свободу выбора, слабо контролируя его деятельность, или, наоборот, стремятся удержать, привязать к себе ребенка, лишить его самостоятельности. Родителям с высоким уровнем педагогической культуры ребенок нравится таким, какой он есть, они не стремятся активно «переделать» его, уважают его индивидуальность, стараются как можно больше времени проводить с ребенком, заинтересованы в его делах и планах, высоко оценивают интеллектуальные и творческие способности ребенка, хорошо осведомлены о них. Родители доверяют ребенку, поощряют его самостоятельность. Они уверены в себе, хорошо рефлексиируют свои собственные мотивы, планомерно реализуют свои намерения, у них развито чувство внутреннего долга, активность и самостоятельность. Родители этой категории хорошо прогнозируют дальнейшее развитие всех сторон личности ребенка в соответствии с его реальными возможностями и способностями. Взаимодействуя с ребенком, такие родители часто используют позитивную оценку, похвалу, одобрение деятельности ребенка, последовательны в требованиях к нему.

Таким образом, формирование педагогической культуры родителей, усвоение стереотипов воспитания и развития ребенка, начинается с самого детства в родительской семье, где и закладываются основы родительской культуры. Целенаправленный процесс формирования педагогической культуры родителей переживает стадию становления и реконструкции. В настоящее время делаются попытки для его реализации. Это происходит силами таких социальных институтов, как государственные органы власти, образовательные учреждения, сферы социального обслуживания, средства массовой информации и системы здравоохранения. Но эти попытки разнородны, не систематичны, требуют единой, комплексной системы реализации. Формирование педагогической культуры, коррекция отношения к ребенку и взаимодействия с ним необходимо проводить длительный период времени на основании различных программ работы с родителями, ориентированными на формирование и закрепление духовно-нравственных установок в отношениях «родитель-ребенок», ломки стереотипов семейного воспитания, развитие адекватных представлений об особенностях психического и личностного развития ребенка, способах и стилях взаимодействия с ним. Речь идет о комплексных программах, ориентированных на помощь семье в воспитании и развитии детей, исходя из специфики того или иного социального института. Педагогической культуры родителей должны заниматься специалисты, квалифицированно подготовленные для работы с семьей: педагоги, воспитатели, социальные педагоги и психологи, медицинские работники. Необходимы специализированные программы для целенаправленной подготовки специалистов к работе с семьей, снабжение методическим инструментарием, качественной

теоретической подготовкой. Следует пропагандировать возможность обращения к специалистам информационно-консультационных служб, воспитательно-образовательных, медицинских учреждений, устранять барьеры обращения за квалифицированной помощью, чтобы родители стремились к разрешению проблем, связанных с воспитанием и развитием детей в семье, стремились к изменению себя, развитию своей родительской культуры.

1 Афанасьева Т.М. Семья. – М., 1988.

2 Кравченко А.И. Семья и брак. – М., 2010.

3 Гребенников И.В. Основы семейной жизни. – М., 1991.

4 Куликова Т.А. Семейная педагогика и домашнее воспитание. – М., 1999.

5 Коджаспирова Г.М. Педагогика. – М., 2004.

6 Островская Л.Ф. Педагогические знания родителя. – М., 1983.

7 Зверева О.Л., Ганичева А.Н., Кротова Т.В. Семейная педагогика и домашнее воспитание детей раннего и дошкольного возраста. – М., 2009.

Түйін

Тотанова А.С. – п.ғ.к., жалпы, жасерекшелік және әлеуметтік педагогика кафедрасының профессоры
«Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті отбасы тәрбиесі құрылымындағы басты компонент ретінде»

Тәрбие барысында елеусіз қалған көптеген қателіктер педагогикалық мәдениеті төмен ата – аналар тарапынан орын алады, олар өзіндік ата – аналық парызына салғырт қарап, отбасылық тәрбие мәселелерін шешудегі оқшауланған күшті түртінің болу мен отбасылық тәрбие құрылымын өзгертуден бас тартуы болып табылады. Ата – аналардың педагогикалық мәдениеті отбасы тәрбиесі құрылымының басты компоненті болып табылады. Отбасы бала үшін бір мезетте өмір сүру ортасы және тәрбие ортасы болып табылады. Отбасы тәрбиесінің мақсаты төмендегідей тұлға сапаларының қалыптасуы, ол сапалар балаға өмір барысында кездесетін қиындықтарды жеңуде басты құрал болып табылады. Ата – аналардың педагогикалық мәдениеті отбасы өмірінің бейнесіне жағымды әсер етеді, бала тәрбиесіндегі қателіктерге жол бермейді, қалыптан тыс жағдайларда дұрыс шешім табуға көмек береді. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті ата мен ананың тәрбие іс-әрекетіне жағымды әсерін тигізеді. Сонымен қатар қалыптан тыс жағдайларда тиімді шешімдер тауып, отбасы тәрбиесі қателіктеріне жол бермейді.

Тірек сөздер: отбасы, ата-ана, бала, тәрбие үрдісі, отбасы тәрбиесі, тәрбие ортасы, ата-аналардың педагогикалық мәдениеті, ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейі

Summary

A.S. Totanova - Ph.D., professor of the Abai Kazakh National Pedagogical University
«Pedagogical culture of parents as an important component in the structure of family education»

Many mistakes and miscalculations, allowed parents in the upbringing and development of the child, are the result of parenting with a low level of pedagogical culture, which manifests itself in the irresponsible attitude to fulfill its educational functions, strong motivational limitations in solving the problems of family education, unavailability and unwillingness to change existing stereotypes education. Pedagogical culture of parents is an essential component in the structure of family education. Family for child is both a habitat, and educational environment. The purpose of family education is the formation of personal qualities that will help adequately overcome difficulties and obstacles encountered in life. Pedagogical culture of parents has beneficial effects on the entire way of family life helps to avoid mistakes in the upbringing of children, to find the right decisions in unusual situations. Pedagogical culture of parents is the basis of the actual educational activity of father and mother, helping them to avoid mistakes in the traditional family education and to find the right solutions in unusual situations.

Keywords: family, parents, children, parenting, the process of education, family education, educational environment, pedagogical culture of parents, components and levels of pedagogical culture of parents

УДК 373.1.013:37.026.9.373.

ЖАНҰЯДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ БАЛА ТҰЛҒАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

М.С. Ибашова—Абай атындағы ҚазҰПУ Психология ФЗИаға ғылыми қызметкер

Мақалада жанұядағы қарым-қатынас, тәрбие, бала тәрбиесі, тұлғалық қалыптасу, өзара қарым-қатынас мәселелері қарастырылады. Отандық, шетелдік, кеңестік ғалымдардың отбасындағы тәрбие мәселесі жайлы келтірілген көзқарастарына шолу жасалады. Қазақ отбасының негізгі ұлттық құндылықтары, тәрбиелеудің ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлері келтіріледі. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарымызбен тәрбиелеу және жанұядағы қалыптасқан жағымды қарым-қатынас - баланың қалыпты дамуына, тұлғалық қалыптасуына әсер ететіндігі жайлы сөз болады.

Тірек сөздер: Жанұя, қарым-қатынас, тәрбие, бала тәрбиесі, тұлғалық қалыптасу, өзара қарым-қатынас

Жанұя-адамзаттың өсіп-өнер, қаз тұрып қанат қағар ошағы, алтын бесігі. Сондай-ақ, ол адам

қоғамының ең негізгі және өте ертеде пайда болған алғашқы бірлестігі. Бұл тұрғыда жанұяны баланың өзі және басқалар туралы ойы қалыптасатын әлеуметтік, сонымен қатар рухани мәдениетінің орталығы деуге әбден болады. Шаңырақтағы береке-бірлік, әлеуметтік т.б. жағдайлар отбасы мүшелеріне тікелей әсер етеді. Содан да болар ата-аналардың балаларымен өзара қатынасы сол отбасының байырғы тарихымен тығыз байланысты. Олай дейтініміз отбасындағы өзара қарым-қатынастың дамуына адамның өзінің басынан өткен жағдайлар ғана емес, арғы ата-баба өмірінің де ықпалы бар. Бұған қырғыз елінің заңғар жазушысы Ш.Айтматовтың “Ешбір халық өзінің тарихи тамырынан ұзап кете алмайды, жақсы болсын, жаман болсын өзінің тарихымен бірге болады” деуімен, Бауыржан атамиздың “Бала нені білсе жастан - ұядан, өле-өлгенше соны таныр қиядан. Ата-анадан өсіп, ұрпақ тараған, жақсы, жаман болса - солардан” деген тұжырымы дәлел [1]. Дана сөздердің озықтығына бір-ақ мысал келтірейік. “Адам бақыты - бала”. Бұл қағиданы қазақ “Адам бақыты-бала, егер ол саналы болса” деп түйіндейді. Шынында да ұрпақ тәрбиесіндегі кемшілік мертігумен бірдей. Тәрбие бала тумай тұрып басталуы тиіс. Халық сондықтан да:

*Отбасында шырақ болып жанады,
Мейірімділік тарататын жанары.
Анасының тәрбиесін, тәлімін,
Сәби болса іште жатып алады, деуімен қатар
Бала тәрбиесі басынан,
Еңбекке баулу жасынан,-дейді [2].*

ал Абай дана “Бала неғұрлым көп естіп, көп көрсе, соғұрлым көп біледі” деген. Бала кез келген құбылыс пен оқиғаны ең алдымен өз отбасынан көреді, жақсылық пен жамандық тұрғысындағы тұжырымдарды ата-анасынан естіп, солардан байқайды. Бұл ақиқатты В.Сатир “Отбасы-барлық әлемнің микрокосмосы”-деп дәл бере білген [3]. Яғни ғалымның ойы әлемді түсіну үшін отбасын толық тану қажет қағидасына саяды. Даналардың сөзі ұрпақ үшін тек танымдық дүние ғана емес, ол ата-аналар үшін де аңсап, сусап оқитын тәлімдік, тәрбиелік өнеге.

Жанұя мүшелерінің үлкендері мен кішілері арасындағы сыйласымдылығы, балалардың өз құрбыларымен, ересектермен араласуы олардың тәрбиесіне және жан-жақты өсіп жетілуіне игі ықпалын тигізеді. Бұл тұрғыда баланың айналасындағылармен қарым-қатынас жасау әдісін ата-анамен өзара әрекеттестігі нәтижесінде меңгеретінін айту қажет. Сондықтан әке-шеше барлық жағынан өз баласының алғашқы ұстазы десек, ата-ана мен бала қатынасы қай заманда да өзекті мәселеге айналған.

Отбасының психологиялық жәйі онды болу үшін кішілердің ересектерге қатынасы төтенше маңызды. Барлық уақытта өмір тәжірибесінен ақыл түйген адамдар ұрпақтарына ересектерді сыйлау, сүю, қамқорлық жасау сияқты рухани өсиет қалдырған. Осы орайда балалар тек әке-шешесімен ғана емес, ең алдымен, ата-әжелерімен жылы, тығыз байланыста болуды үйреніп, оларда көптеген ұрпақтар арқылы жалғасып, келе жатқан біртұтас отбасылық сезім пайда болуы керек. Ата-ананың балаға қатынасы, отбасындағы жағдай – бала үшін бір мектеп. Отбасында көрген білгенін бала құрбылары арасында, балабақша, мектепте, есейгенде еңбек ұжымдарында көрсетеді. Сол себептен, отбасы тәрбиесі, жанұяда және әлеуметтік ортада аса маңызды.

Американдық психолог А.Фромм «отбасы тәрбиесі балаға деген сый-құрмет негізінде ғана дұрыс жүреді» десе, жапондықтардың айтуынша: «бала өмірге келген қонақ». Қазақтар да, кезінде бала тәрбиесіне ерекше қарап: «Ұлына бес жасқа дейін патшандай қара...» - деген.

Қазақ отбасының негізгі ұлттық құндылықтарына: а) бала тәрбиесіне байланысты дәстүрлер; б) ересектер мен кішілердің отбасындағы белгіленген орны мен өзара қарым-қатынаста оны басшылыққа алу жатады. Отбасы өмірінің осындай тәртібі, өзара қарым-қатынасты, қалыптасқан құндылықтар жүйесі мен қажеттіліктері көп жағдайда адамның дүниетанымын, сенімі мен мінезін, соған сай жасайтын іс-әрекеттерін қалыптастырады. Қазақ отбасындағы қарым-қатынас мәдениетінің арқауы да нақ осы болса керек. Ата-ана мен бала бойындағы қарым-қатынас мәдениеті, дұрыс қатынас жасау әдетін үйретуде, ата-аналар осы мәселе төңірегінде, яғни қарым-қатынас мәдениеті бойынша білім-тәжірибемен жан-жақты қаруланып, оны түзету, алдын алу шараларымен таныс болулары керек.

Жас ұрпақты тәрбиелеудегі алғашқы әлеуметтік орта болып саналатын отбасының келешек ел иелерін ақыл-ойы дамыған, парасатты жан ретінде қалыптасуындағы маңызы зор. Бұл тұрғыда әр отбасындағы ата-ана мен бала қатынасының ерекшеліктері, соның ішінде психологиялық ерекшеліктердің бар екені бәрімізге мәлім. Тіпті халқымызда “Баланды бес жасқа дейін патшандай сыйла, бес жастан он жасқа дейін құлындай жұмса, одан соң өзіне ақыл қосар дос сана” деген аталы сөз бар. Бұл қағиданы бағдарлам етіп ұстаған әрбір ата-ананың бала тәрбиесінде өзіндік жетістікке жетері сөзсіз.

Демек, ата-ананың дара психологиялық қырлары бала тұлғасының дамуына өз әсерін тигізетіні дәлелдеуді қажет етпейді. А.А.Холева мен З.М.Богословская жүргізген зерттеулер нәтижесі мектепке

дейінгі жастағы бала қарым-қатынасының отбасылық қарым-қатынас типтеріне тәуелді болатынын көрсетеді [3]. Егер отбасы мүшелерінің арасында жылы, мейірімді, бауырмал қатынас, сондай-ақ бала тәрбиесі жөнінде өзара келісім болса онда жеткіншектің ақыл-ойы жақсы дамиды, әрі еңбекқор, әлеуметтік ортада белсенді және ересектермен де, өз құрдастарымен де жақын әрі жағымды қарым-қатынасқа түсе алады. Ата-аналардың көңіл күйі балаға үлкен әсер етеді. Себебі олар балаға дербес еркін адам болып өсуіне, өзін өмірге дұрыс бейімдеуіне, ата-ана мен бала арасындағы достық қарым-қатынастың қалыптасуына кесірін тигізеді. Сондықтан бала өз дербестігі үшін күресуге әрекеттенеді де, көптеген ұрыс-керістің, күйзелістің себепкері болады. Мазмұнды қарым-қатынастың шектелуі көбіне ата-анасы шектен тыс қадағалап, суық байланыста болған балаларда кездеседі. Бұл кезде балада, оқшаулану, сенімсіздік, ересектерді мойындамаушылық байқалады. Сондықтан ата-ана балаға тең адамдай қарап, әруақытта онымен санасуы керек. Егер бала теріс қылық жасағанның өзінде оған соның көзқарасымен қарауға тырысқан абзал. Психологиялық зерттеулер мен психолог-практиктердің кеңестеріне сүйенсек ата-анаға туар басты қиындық олардың балаға дұрыс талап қоя алмауында. Соның ішіндегі қарапайым қатенің бірі-баланың жас ерекшелігіне қарай психологиялық өзгерісімен есептеспей, мұның өзі бала бойында әр түрлі жағымсыз қылықтардың пайда болуына әкеп соғады. Мысалы, кей ата-ана баласының өзін тыңдамайтынын, әрдайым оған қарсылық білдіретінін айтып шағымданады. Мұның бәрі олардың өздерінің істемеген ісін баладан талап етуі барысында туындайтын қиындық. Баланың ата-анасына деген қарсылық сезімі жөн-жосықсыз талаптың нәтижесінде болатыны талассыз.

Ал бұған керісінше отбасының дұрыс тәрбиесін байқаған бала ата-ананың пікірімен санасып, өзінің тәртібін де қадағалауға талпынады. Психологияда ата-ананың балаға немқұрайлы, суық қарауы ең үлкен жаза болып саналады. Американың белгілі қоғам қайраткері, балалар дәрігері Т.Скок баланың тәртіптілігінің негізін ата-анаға деген махаббатпен ұштастырады. Әр қателігінде ұрып-соғып жаза қолдану олардың бір-бірімен қарым-қатынасына зиян келтіреді. Ересектермен баланың қарым-қатынас стилі тек байланыс орнату құралы ғана емес, сонымен қатар тәрбиелеудің бір әдісі болып табылады [3].

Өз үйінде бала үлкендерге еліктеуді үйренеді, сол арқылы өмірге қажетті тәжірибе жинақтайды. Отбасы мүшелерінің ішінде ол анасымен етене жақын болады. Баланы өз құрбыларынан кем қылмай, білімге құштар, өнерге әуес болуына ата-ананың рөлі зор. Ата-ананың өз баласының табиғатына қарауы, зерттеулер көрсеткендей “қабылдау және сүю” типі баланың жалпы дамуы мен шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуына жағымды екені анықталды. Баламен ынтымақтастық қатынас ұлдардың аналарына, қыздардың әкелеріне деген жағымды қарым-қатынас жағдайына келудің бірден-бір жолы. Ұлдар аналары өзін түсіну, жақсы көрумен қатар оның жеке басын сыйлау, ой-пікірлерімен, сезімдерімен бөлісу және өз қызығуларын, қабілеттілігін қолдағанын қалады. Қыздар болса әкелерінің өздерімен демократиялық қарым-қатынаста болғанын және бойындағы жағымсыз қасиеттерінен гөрі, онды жақтарын көре білетін ынтымақты қарым-қатынасты қалайды. Өзара түсіністіктің осындай факторлары баланың жалпы физиологиялық-психологиялық дамуымен қатар, тұлғалық-шығармашылық дербес әрекетті жүзеге асырудың бастапқы алғы шарты болып саналады.

Демек, болашақ ұрпақтың тәрбиелі, мәдениетті, білімді болуы ең алдымен ата-анадан, отбасы-ошақ қасынан басталмақ. Сол себепті қазақта “ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің” деген даналық сөзі тегін айтылмаса керек. Қазақ “Әке-асқар тау, шеше-бауырындағы бұлақ” дейді [7]. Сонау Адам ата мен Хауа анадан бастау алған екі қосақ күні бүгін де бөлінбес жұбы толығымен мәуелеп, гүлденіп өніп, бұтақтан шоғырын қалыңдатып, әулеттен әулетке жалғасып келеді, жалғаса береді де. Жас сәби шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, әр дамның өзіндік, қайталанбас психологиялық өмір баяны басталады. Қоршаған ортаны танып білуге көмек беріп, сүйеніш, қамқоршы болатын оның өз ұясы, жақын туыстары.

Кеңес психологиясында баланың дамуы қоғамдық тарихи тәжірибені меңгеру формасында өтеді деп қарастырылады. Баланың психикалық дамуының басты шарты ересектермен қарым-қатынасы болып табылады (Л.С.Выготский, А.В.Запорожец, Д.В.Эльконин, М.И.Лисина). Л.С.Выготский кішкене балаларды жақын ересектерге бағдарланған “максималды әлеуметтік тіршілік иелері” деп атайды [4]. Оның ойынша бала үшін ересек адам “барлық жағдайдың психологиялық орталығы” болып табылады. Баланың ересектермен қарым-қатынасқа деген қажеттілігі оның ары қарайғы психикалық дамуының негізін және қозғаушы күшін құрайды.

Баланың әлеуметтану үрдісінде жанұя бірінші және негізгі әлеуметтік институт болып табылады. Жанұя ішіндегі қарым-қатынастар басқа қоғамдық қарым-қатынаспен салыстырғанда баланың рухани дамуындағы потенциалды қамтамасыз ететін ерекшеліктерге ие: 1) Баланың қарым-қатынасқа деген негізгі қажеттілігі жанұя мүшелерінің тікелей байланыстары арқылы қанағаттанып отырады (Е.А.Аркин, Л.И.Божович, М.Ю.Кистяковская, М.И.Лисина, А.А.Люблинская). 2) Жанұядағы қарым-қатынас некелік

және туыстық қатынасқа негізделеді, жұбайлық және ата-аналық махаббатқа сүйенетін терең тұлғалық қатынастарды тудырады. Бұл ерекшеліктер балаларда жоғарғы адамгершіліктік қасиеттерді, жағымды өзіндік сезімді, дүниеге деген көзқарасты және өзіне деген сенімділікті қалыптастырады. Жақындық сенім және ынтымақтық атмосферадағы қарым-қатынас бала психикасына жақсы әсер етеді және баланың эмоциялық сезінулеріне дұрыс жол салады, сондай-ақ әлеуметтік сезінулердің алғашқы мектебі болып табылады (И.С.Кон, А.А.Люблинская, Т.А.Рипина, С.П.Тищенко) [5].

С.П.Тищенко өз жұмысында ата-аналардың баласын бағалаудағы мақтаулары, баланың эмоциясының қалыптасуына қалай әсер ететіндігі туралы айта келіп, әртүрлі жанұядағы осы қатынастың басымырақ үш типін айырады. 1. Әділ талап етілген мақтау; 2. Талапсыз, шектен тыс асыра мақтау; 3. Жәй бағдарланған түрде талап етілген мақтау [6].

Жанұяның өзара әрекеттестігінің, баланың жеке адам аралық байланыста көрінуін Т.В.Нещерт өз зерттеулерінде көп қарастырған [6]. Қазіргі кезде тұлғаны қалыптастыру мәселесі маңызды міндеттердің бірі болғандықтан аталмыш мәселені шешудегі басты рөлді жанұя алады. Өйткені мұнда рухани тұлғаның негізі қаланады, адамгершілік және азаматтық өзіндік сана, сондай-ақ адамның өзін-өзі анықтауы қалыптасады. Сондықтан отбасы әсерінің күшін басқа тәрбие институттарымен салыстыруға келмейді. Демек отбасының бала тәрбиесіндегі алар орнын халқымыз “ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің” деген даналық оймен түйе білген.

Тұжырымдай келгенде, кез-келген отбасындағы балаға деген жағымды қарым-қатынас пен тиімді тәрбиелеу стилінің орын алуы баланың жалпы ақыл-ой және жеке тұлғалық дамуының бастапқы алғышарты болып табылады. Дұрыс қалыптасқан отбасылық қарым-қатынас баланың тұлғалық-психологиялық дамуының ғана емес, оның шығармашылық қабілеттері мен іскерліктерінің дамуының қайнар көзі болып табылады.

1 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. –Алматы: «Санат», 1995.

2 Табылдиева Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: «Санат», 2001.

3 Титаренко В.Я. Семья и формирование личности - М.: Мысль, 1987.

4 Выготский С.Л. Психология развития как феномен культуры. – М., 1996.

5 Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Просвещение, 1968. –128 б.

6 Левкович В.И. Взаимоотношения в семье как фактор формирования личности ребенка. – М., 1987г.

7 Бодалев А.А. Личность и общение. - М., 1995.

8 Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы, 1995.

Резюме

М.С. Ибашова - научный сотрудник КазНПУ имени Абая

«Влияние взаимоотношений в семье на развитие личности ребенка»

В статье рассматриваются вопросы семейного воспитания и влияние межличностных взаимоотношений в семье на развитие ребенка, а также вопросы формирования личности. Сделан обзор взглядов отечественных зарубежных и советских ученых на семейное воспитание. В статье представлены основные казахские традиционные ценности и обычаи передаваемые из поколения в поколение. Национальные ценности и благополучие в семье рассматриваются как причины личностного развития ребенка.

Ключевые слова: Семья, отношения, образование, воспитание, развитие личности, общение

Summary

M. S. Ibashova - the research associate of KAZNPU named after Abay

«Influence of relationship in the family on development of the identity of the child»

The article examines the influence of family upbringing and interpersonal relationships in the family for the child's development, as well as issues of identity formation. A review of the ideas of domestic, Soviet and foreign scientists on family upbringing. The article presents the main Kazakh traditional values and customs handed down from generation to generation. National values and the well-being of the family are considered as the cause of the child's personal development.

Key words: Family, relationships, education, upbringing, personal development, relationships

ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СПОРТТЫҚ ЖҰМЫС ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Э.К.Ахметова – *п.ғ.к., доцент, Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты,*
С.Х.Ерназаров – *дене мәдениеті және спорт мамандығы бойынша 2-курс магистранты*
Абай ат.ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты

Бұл мақалада оқушылардың спорттық дене жұмыс қабілетін қалыптастыруды зерттеу. Спорт түрлерімен сабақтан тыс уақытта үйірмелерде қосымша айналысу оқушылардың тиімді демалыс құралы болып табылатын көптеген зерттеулерді баяндап, оқу-жаттығу нәтижесінің негізінде оқушылардың спорттық жұмыс қабілетін қалыптастыру. Әсем, әдемі, көркем болуға талпыну адамға тән дұрыс қозғаушы күш. Осы талпынысты қозғаушы күшті балалардың үнемі дене тәрбиесімен шұғылдануын, дұрыс тамақтануын, салауатты өмір салтын қадағалауды жүйелі ұйымдастыруға пайдалану қажет. Бұлшық ет бітімін жақсы жетілдіріп дамытпайынша әдемі мүсіннің болмайтынын балаларға түсіндіру қажет. Сонымен қатар адамның дене бітімінің түзу жақсы болмауы көзге оғаш көрінетінін, және сұлу да әсем дене бітімінің еркін қозғалатынында айта кеткен жөн. Әрине спортпен шектен тыс көп шұғылдануға болмайтынында ұмытпаған дұрыс. Дене тәрбиесі бала өмірінің бірінші күнінен басталады және бала өмірін қорғаудың негізгі кепілі. Өйткені дене тәрбиесі теориясы өзіне және балаға өте қажеттіліктердің барлығын жинақтаған.

Тірек сөздер: жаттығу, шеберлік, эстетика, қозғалыс, жүктеме

Бүгінгі таңда күн тәртібінде оқушылардың өзін-өзі басқаруды дамыту міндеттері қойылып, олардың дербестігі мен белсенділік дағдысын тәрбиелеу және дамыту қажеттілігі күннен-күнге артып отыр. Білім беретін мектептерде оқушыларға өз кәсіби міндеттерін жете білетін, қажетті білімін меңгерген, өз Отанын сүйетін ел азаматын дайындау міндеті жүктелген. Осы мақсатта білім беретін оқу орындарында оқушыларды жан-жақты дайындаудың сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Сондай-ақ тәрбиенің ықпал жасау өрісі де орасан кеңейе түсті [1].

Спорт түрлерімен сабақтан тыс уақытта үйірмелерде қосымша айналысу оқушылардың тиімді демалыс құралы болып табылатынын көптеген зерттеулерде баяндалады, бұл оқу-жаттығу нәтижесі негізінде оқушылардың спорттық жұмыс қабілетін қалыптастыруға жақсы есер етеді. Аптасына екі рет дене тәрбиесі сабағы жүретін оқушыларға қарағанда дене жаттығуларымен бір аптада 4-5 сағат айналысатын оқушыларда дене сапаларының дамып, спорттық жұмыс қабілеттерінің қалыптасуы жоғары екенін және оқушылардың оқу үлгерімінің жақсы дәрежеде болатынын ғалымдар ғылыми еңбектерінде атап көрсетеді [2].

Жалпы орта мектептерде дене жаттығулары арқылы оқушыларды спорттық жұмыс қабілетін қалыптастыруға байланысты жазылған ғылыми еңбектер көбінесе пәннің білімдік мазмұнын ашыуға негізделіп, ал тәрбиелік жақтарына шолу жасаумен шектеліп отырады.

Сынып оқушылары бірдей емес. Оқушының жан-жақты қалыптасуына, дене тәрбиесінің әсері туралы ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған [3].

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен бала тәрбиесіне байланысты қоғамдық орындардың қысқаруы, қаржы тапшылығы және онымен қоса экологияның әсері денсаулық мәселесін тығырыққа тіреп отыр. Білім берудің заманауи талаптарына байланысты мектепте жүргізілетін қосымша дене тәрбиесі сабақтары, үйірмелердің жаңаруы, бала тәрбиесіне жақсы әсерін тигізуде. Сол себепті жаңа үлгідегі мектептердің ішкі мүмкіншіліктерді толық пайдалану қажет.

Бүгінде дене тәрбиесінің салалары болып, өмірге енген алуан түрлі жаттығулар жеке тұлғаның жұмыс қабілетінің дамуының өзегі екендігіне ешкім күмән келтірмейді [4].

Саралап оқыту оқушылардың бейімділігін, қызығушылығын анықтай отырып оқыту қазіргі мектептердің даму бағытына айналып отыр. Дене жаттығуларымен тәрбиелеу мақсаты кез-келген оқушылардың оқыту процесінде жеке тұлға болып қалыптасуына жаттығу сабақтарының әсер етуі арқылы олардың ақыл-ойларының еркін болуына, өзін-өзі тануына үлкен әсерін тигізетін бірден-бір ғылым болып есептеледі. Әртүрлі деңгейдегі жаттығулар арқылы оқытудың ерекшеліктері әр түрлі әлеуметтік жағдайдағы балалар үшін, олардың қабілеті, ікемділігі, қызығушылығын ескере отырып, әр топқа сәйкес бағдарлама жасалады. Жалпы білім беретін мектептерде сыныптағы оқушыларды топқа бөлу кеңінен тараған. Топтарды жылдамдар, орташалар, баяулар деп атайды. Мұндай оқытуды жүзеге асыру үшін төменгі сынып оқушыларына күрделілігі әртүрлі жұмыстарды тапсырып, істің нәтижелі болуына мүмкіндік жасау қажет. Шеберлікті, іскерлікті және білім мен білік дағдыларын қалыптастыруда әр түрлі істер жасауда жәрдемдесу міндеті.

Мектептегі балалардың өз бетінше жан-жақты жаттығу жасауына әсер ететін, белсенділігін арттыратын

дене тәрбиесі үйірмелердің адам денсаулығын нығайтып күш жігерін, ақыл-ойын жетілдірумен қоса дене тәрбие мақсатын өзара байланысты қарастыру бүгінде басты міндеттердің бірі болып отыр. Қазақстан мектептерінде бастауыш сатыда дене тәрбиесінде жүргізілетін жаттығулар өз дәрежесінде әлі жетілген жоқ. Жеке тұлғаны үйлесімді дамытуда, денсаулығын нығайтып күш-жігерін, ақыл-ойын жетілдіруде дене тәрбиесінің маңызы зор.

Дене шынықтыру сабақтарының негізгі міндеті қимылдың белгілі бір комплексін жасап үйрену болып табылады. Бастауыш мектепте оқушысының жүріп – тұруы режимі, шынығу туралы, сымбаттылық туралы айтылады [5].

Спорт – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі, адамның жұмыс қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Жастардың жұмыс қабілетінің дамуын спортсыз елестетуге мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жасадамды аятамыз. Қалыптасқан өмір салты, еңбек ету мен дене тәрбиесінің жүйесі балалармен жеткіншектердің күнделікті қозғалыс белсенділігін өзгертуі, не оны арттыруы мүмкін. Кіші жастағы балаларда тәуліктік қозғалыс белсенділігі көп жағдайда тұқым қуалаушылық негізде қалыптасатын, биологиялық себептермен реттеледі. Үлкен жастағы балаларда, әсіресе жеткіншектерде, ол әлеуметтік жағдайлардың әсерімен қоғамдық тәрбие беру барысында жеке лей қалыптасады.

Жалпы орта мектеп оқушыларының спорттық жұмыс қабілетін қалыптастыру мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдаулар, мұғалімнің дене тәрбиесі құралдарын пайдалана отырып, дене тәрбиесі жұмысына әзірленуін, оқыту мен тәрбие шеңберінде психологиялық, теориялық, практикалық, әдістемелік, дене даярлығын қалыптастырудың біріктіруші үдерісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Денсаулық, денені тәрбиелеу, дене шынықтыру, салауатты өмір салты және т.б. биологиялық тәрізді, әлеуметтік те қажеттілік болып табылады. Бұл топтың қажеттіліктерінің бұзылуы, оқушылардың іс-әрекеттік жүйелерінің бұзылуы мен ренжуіне, түптеп келгенде, мектеп оқушыларының денсаулығының нашарлауына әкеліп соқтырады.

Жасөспірімдердің спорттық жаттығу қабілетін қалыптастыруда дене тәрбиесі құралдарын қолдану мен оларды жүйелендіру жолымен келу қызығушылығын зерттегенде, біз мектеп оқушыларының спорттық іс-әрекетінде кәсіби көзқарасты қолдандық. Мұндай көзқарасқа негіз болғаны: нысанның қызметі мен құрылымының маңызы мен өзара байланысының диалектикалық түсінігі туралы ой. Спорттық іс-әрекет міндеті білім беру жүйесінің құрамдас бөліктерінің табиғатымен байланыстылығы, әрі оның нысандарының құрылымымен айқындалады. Дене тәрбиесі және спорт қызметінің іс-әрекеттерінде дене тәрбиесі жұмыстарын ұйымдастыруға дайындықтың рефлексиялық құрамдас бөлігін көрсете отырып, мектеп оқушыларының дене тәрбиесі және спорт қызметіне қызығушылық іс-әрекетінің мақсатты түрде жүзеге асуы мен дұрыс ұйымдастырылуының маңызды қыры деп санайтын зерттеушілеріміз.

Жасөспірімдердің дене тәрбиесі қалыптасқан мектеп оқушыларының дене сипатының осы көрсеткіштерін пайдалана отырып, мынаны ескерген жөн. Дене тәрбиесі қалыптасқан мектеп оқушыларының дене сапаларының дамуының жоғары деңгейі - жақсы денсаулықтың кепілі, тиімді жұмыс қабілеттілігінің бар екендігінің және үлкен спортта жеке спорт түрлері бойынша жоғары нәтижеге жете алатындығының айғағы. Ал кейде, дене пішіні жақсы дамыған мектеп оқушыларының салқыннан, суық тиюден пайда болатын ауруларға қарсы тұра алмайтындығын немесе бұлшық еттері күшті болғанымен, арқан бойымен тартылып шыға алмай жатқандығын байқауға болады. Сондықтан да, дене тәрбиесі қалыптасқан мектеп оқушыларының дене сапаларының дамуын бағалауға әртүрлі көрсеткіштер жиынтығы пайдаланылады және міндетті түрде денсаулық көрсеткіштері мен жұмыс қабілеттілігі, басқа да қимылдардың орындалуы деңгейі салыстырылады.

Дене тәрбиесі жоғарыда айтылған көптеген белгілерге белгілі түрде әсер ететіндігіне байланысты дене дамуының бір функциясы есебінде қаралады. Осыған байланысты, дене жаттығуларымен айналысу тиімділігі бағаланады да, олардың функциялық міндеттері айқындалады. Тәрбиелік міндеттер дене және рухани күштердің белгілі нәтижесінде мектеп оқушыларының жан-жақты дамуына бағытталған. Дене тәрбиесінің педагогикалық үдерістің құрамында бола отырып, өзіне тән құрал, әдіс арқылы оқушылардың дене тәрбиесін қалыптастыруға, тәрбиенің жалпы міндеттерін шешуге, мүмкіндігі бар. Білімділік міндеттер белгілі бір қозғалыс жайлы білімі, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруға, осы саладағы арнаулы білімдермен қаруландыруға бағытталғандықтан, нәтижесінде белгілі бір деңгейде дене тәрбиесі қалыптасқан мектеп оқушыларының дене сапаларын дамыту туралы білім жиынтығын алады деп білеміз.

Белсенді оқушылардың спорттық жұмысын ұйымдастыруға келесі жалпы талаптар қойылады: әрбір орындаушы өзінің міндеттерін, оны орындау әдістерін және құқығын жақсы білуі тиіс; барлық жауапты тұлғалар тапсырманы өз уақытында және дәл орындауға міндетті; оқушылар жауапты адамдарға ақылмен бағынуға үйретілген болуы керек; көмекшілердің жұмысын және оның нәтижелерін педагог кезендермен бағалауы және мүмкін болған сәтсіздік және қате жөнінде жөнсіз (әдепсіз) пікір айтуға жол бермеу; уақыт өткен сайын жауапты орындаушыларды ауыстырып, мүмкін болғанынша мұндай қоғамдық пайдалы жұмысқа оқушылардың көп санын тарту дұрыс [6].

Жалпы жұмысқа қатыспайтын, бірақ сабаққа қатысатын адамдарды ұйымдастыру сабақтың табысты өтуіне кедергі жасайтынын атымен жою немесе минимумға келтіру үшін қажет. Жаттығуларды уақытша орындаудан босатылғандар ерекше назар аударуға тұрады. Тәртіп бойынша оларды да жұмысқа тарту керек: педагогтің түсіндірмесін тыңдау, жаттығудың орындалуын байқап тұру, педагогтің сұрақтарына жауап беру және т.б., осылай олар өзінің білімін толықтырады. Бұдан басқа олардың бір бөлігі денсаулық жағдайына кері әсері болмаса кейбір жаттығуларды орындауы мүмкін (жалпы саптан бөлек бір шетте). Сабақ жұмысына бұлай жалпы қатысу, тәртіпті бұзуға жол бермейді, білімді игере алмай қалудан сақтандырады, сонымен бірге өз уақытында жалпы жұмысқа кірісіп, амалсыз артта қалушылықты жоюға жәрдемдеседі.

Дене тәрбиесінің міндеттерін, оқыту қағидалардың және тәрбиені есепке алып сабақты өткізу әдістемесіне келесі басты талаптар ұсынылады:

1. Әрбір сабақ айқын, алдын ала белгіленген шешімге қызмет етуі және өзімен аяқталған бүтіндей қисындық (логикалық) және психологиялық жағынан алдында өткен және енді болатын сабақтармен байланысқан болуы тиіс. Оқу материалы игеруге жеңіл, қолайлы болуы, жұмыс мүмкін болғанынша жекелеп өткізуге бейімделіп және белгіленіп бөлінген уақыт шегінде орындалатындай болуы тиіс. Ең маңыздысы сабақ жүйесі оқушыларды қызықтырыпсалыстырмалы түрде күшсалудаартығыменталап қоюжәнедұрыскөңіл-күйдікелтіруболып табылады.

Әр сабақтың оқушыларға әсері жеткілікті жағдайда жан-жақты болуы тиіс. Ерекше әсері дене білімі мен дене дамуы бөлшектеріненжинақталуы тиіс. Берілген кезеңде педагогикалық міндеттердің тәуелділігіне сәйкес осы бөліктердің біреуі айқындалады және басты орыналады.

Дене тәрбиесінің ерекше міндеттеріне қарамастан әрбір сабақадамгершілік, ақыл-ой, еңбек және эстетикалық тәрбие идеяларын бала бойына ендіруі тиіс. Ал, олар жинақталған жағдайларға байланысты іскеасырылады.

Оқушыларды біліммен, біліктілікпен және дағдылармен қаруландыру жүйесін әр сабақта бағыттау қажет, өйткені ол интеллектуалдықжәнеерік-жігерсапаларындамытуға,таныпбілуге,қызығушылығын қалыптастыруға дұрыс көзқарас, ол соңғы есепте табанды сенімділіктің болуына дұрысәсер етеді. Оқушылардың ойлау қабілетінің белсенділігін табандылықпен арттыру, өз бетінше жұмыс істеуге бейімділігін көрсетуі үшін жағдай жасау, өз жұмысына жеке жауапкершілік,оларды жеке көңіл-күйін меңгеруге үйрету.

Оқушылардың қызмет әрекетінің мазмұны және сипаты жеткілікті дәрежеде жан-жақты болуы тиіс. Денеге интеллектуалдық және ерік-жігер күшін салуы күштің түсуіне қарай түрленуі тиіс, яғни жұмыс қабілетінің белгіленген міндеттерді шешу үшін қажетті ұтымды деңгейіқамтамасызетілуі тиіс. Күрделі қозғалыс үйлесімділігін талап ететін қимыләрекетті жақсы меңгергенімен кезектестіру, шығармашылық қызметті орындаушылықпен, қызықты жаттығулардыжәне т.б.дұрыс.

Мұндай қарама-қарсы ауыстырыпқосу қажуды болдырмауға жәрдемдеседі. Екінші жағынан, мұндай ауыстырыпқосу жеткілікті дәрежеде біртіндеп күрделіленген кезде қабілеттің табыстыдамуы орнатылғанжәнежайғастырылғанәрекеттіжаңасымен,солсәтте күтпегенімен,дағдыланбағанымен(қазіргіөскелеңөмірдейтарлықтай маңызы бар) жедел кезекке жетеді. Мұнымен қатар оқушылардың түрлерінің созылатын, жиі, бірдей және барынша күрделі, қиын жұмыста елемеуге болмайды.

Оқушылардың қызмет әрекеті сабақтың барлық кезінде үзіліссіз болуы тиіс. Бұл сабақтың уақытын орынды пайдалануға, кезекті күш салуға қызметтік дайындықты сақтау, соныменбірге мүмкін болатын тәртіп бұзушылықтың алдын алуға мүмкіндік береді.Сабаққа қажетті демалыс үзілісін ендіру тәртіп бойынша белсенді сипат алуы тиіс: алдын ала қарастырылған қозғалыс тапсырмасын орындау; қозғалыс кателерін (немесе жетістіктерін) және сандық нәтижесін талдау; алда болатынәрекетті ойша жобалау; жолдастарының әрекеттерін бағалау және т.б.

Сабақты өткізу барысында әр түрлі, жан-жақты оқытып үйретужәне тәрбиелеу әдістерін міндетті түрде пайдалану керек.

Оқушылардың интеллектуалдық белсенділігін арттыратын, үйретілетін әрекеттің ұтымды әдістерін өз

беттерінше іздеуді, оқу жүйесіне зерттеу элементтерін кіргізуді талап ететін әдістерге ерекше назар аудару қажет [7].

Спорттық жұмыс қабілетін қалыптастыру үшін белгіленген сабақты ойдағыдай өткізуде педагогтің қызмет ету қабілеті орасан зор рөл атқарады және келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

Алда тұрған жұмыс міндеттерін жеңіл, түсінікті етіп ашу және оған сәйкес келетін тапсырманы анықтау. Міндеттермен тапсырмалар оқушылардың жағдайлары, мүмкіндіктері, кейде олардың жиі көңілкүйлері мен қажеттіліктері нақтылы ескеріліп тұжырымдалуы тиіс.

Алда тұрған жұмыстың маңызды ерекшеліктерін алдын ала ескерту ретінде түсіндіру, жұмысты өз бетінше аз немесе көп орындау көзделген болса аса қажет. Оқушылар тапсырманы орындау жағдайы мен тәртібі туралы, ал кейде қажетті әрекеттерді іске асыру әдістері, оқу құрал-жабдықтарын пайдалану, өзінің әрекеттерін және оның нәтижелерін бақылауы, жұмыс барысында шығып қалуы мүмкін қателіктер және қауіптілік жайлы ерекше мәлімет алуы орынды. Сонымен бірге қозғалыстың меңгерілетін әдісінің жарамдылық өлшемі, сол сияқты күш салудың сипаты, қайталау саны, қайталау нәтижесінің өлшемі және т.б. анықталған болуы тиіс. Артық жанашырлық жасауға, оқушылардың бастамашылдығы мен өзін-өзі билеушілік, дербестігін басып тастауға жол беруге болмайды. Оқушылардың қызмет әрекетіне араласу олардың дайындық деңгейімен жағдайына, оқу-тәрбие жүйесінің міндеттеріне, тапсырманың күрделілігіне, нақтылы жағдайына және т.б. байланысты болады.

Оқытылып, үйретілетін қозғалыс әдісі туралы ұғым мен көзге елестетуді жүйелі қалыптастыру, оның заңдылықтарын терең ашу, ақиқат мүмкін жағдайда меңгергенін қолдану қағидалардың мұқият айқындау және оқушыларды барлық жоспарланып қарастырылған қозғалыс біліктілігі мен дағдыларының көлемін тиімді меңгерулеріне жәрдемдесетін басқа да білімдермен қаруландырады.

Оқушылардың мінез-құлқы мен жұмысын жүйелі бақылауды өзін-өзі бақылауымен үйлестіру. Сол сияқты педагогке оқушылардың жағдайлары туралы мәліметтердің мазмұнын, сипатын және қызмет әрекетінің нәтижелілігін, оған әсер ететін жұмыс жағдайын және т.б. өз уақытында, бәрінен де дұрысы жедел мағынасына жетіп түсіну ерекше маңызды. Жұмыста пайда болатын қателердің себебін анықтау, сонымен бірге оны жоюдың нақтылы жолдарын анықтау ерекше маңызды.

5. Жұмыс жүктемесін реттеу, олардың сипатынан, шамасынан және өзара байланысына жағымды психологиялық климат жасау, жұмыста ашылатын күш пен қабілеттерді, күш салуды және жігердің көрінуінің нағыз барысына көңілді әсерленушілік, сонымен бірге сергектікті, жарқын жүзділікті сезіну тәуелді [8].

Жүктемені ұтымды басқарудың маңызды жағдайы оларды бөліктерге бөлу, яғни жаттығуларды орындаудағы талап етілетін күш салудың белгілі бір шамасын (дозасын) ұстап тұру және белгілеу, сонымен бірге қажет болған жағдайда бастапқы кездегі белгіленген шаманы өзгерту болып табылады.

